
Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы және макроэкономикалық көрсеткіштердің талдауы **2020 жылғы 1 желтоқсандағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	6
1.1. Болжамның алғышарттары	6
1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні	10
1.3. Болжамның балама сценарийлері	13
1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер	14
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ	17
2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер	17
2.3. Ақша нарығы	18
2.4. Валюта нарығы	19
2.5. Қор нарығы	21
2.6. Депозит нарығы	22
2.7. Кредит нарығы	22
III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР	24
3.1. Сыртқы сектор	24
3.2. Экономикалық белсенділік пен ішкі сұраныс	26
3.3. Инфляция	37
3.4. Еңбек нарығы	44
3.5. Фискалдық саясат	46
НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР	50
НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	52
БОКСТАР	
1-бокс. COVID-19 пандемиясы кезеңінде мұнайға әлемдік сұраныс	25
2-бокс. Бизнес цикл сағаты	31
3-бокс. Пандемияның Қазақстанның көлік саласына әсері	33
4-бокс. COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі тұтынушылық сұраныс	35
5-бокс. Веб-скрепинг негізінде жаңа жылдық үстелдің құнын бағалау	42
6-бокс. 2020 жылғы фискалдық саясат бағытын талдау	48

КІРІСПЕ

2020 жылғы 14 желтоқсанда Ұлттық Банк пайыздық дәлізді +/- 1,0 п. т. дейін қысқарта отырып, базалық мөлшерлемені жылдық 9,00% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Әлемдік экономиканың дамуы COVID-19 коронавирусы пандемиясының және онымен байланысты шектеу шараларының әсерінен қалыптасуын жалғастыруда. 2020 жылғы екінші тоқсандағы қатты құлдыраудан кейін әлемнің көптеген елдерінде қалпына келтіру үрдістері байқалды. Сонымен бірге, 2020 жылғы қазанда коронавирустың қайта таралуынан туындаған шектеу шаралары әлемдік экономиканың, оның ішінде ЕО мен Ресей экономикаларының қалпына келу қарқынына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, карантиндік шаралардың әсері денсаулық сақтау жүйесінің барынша дайын болуына және мектептердің, өнеркәсіп және құрылыс секторларының қызметінің толық шектелмеуіне байланысты көктемгідегі теріс әсерге қарағанда аз болады деп күтілуде. Қытай экономикасы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру жағдайында қалпына келуін жалғастыруда. 2021 жылы эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына және шектеу шараларының алынып тасталуына қарай сауда-әріптес елдерде экономикалық өсудің оң траекториясы күтілуде. Экономикалық белсенділіктің төмендігі және ішкі сұраныстың төмендеуі аясында сауда-әріптес елдердегі инфляциялық процестер бәсеңдейді. Жылдық инфляция көрсеткіштері төмен немесе нысаналы көрсеткіштер деңгейінде сақталады.

2020 жылғы қазанда біршама қалпына келтірілгеннен кейін Қазақстан экономикасының қысқаруы тамыз-қыркүйекте күтілгеннен бірашама терең болып шықты. 2020 жылғы қаңтар-қараша аралығындағы қорытынды бойынша ІЖӨ-нің төмендеуі жылдық мәнде 2,8%-ды құрады. Негізгі теріс әсерді өңделмеген мұнайды өндірудің және түсті металдар кенінің қысқаруымен негізделген тау-кен өндіру саласының қысқаруы тигізді. Теріс серпін қызмет көрсету секторының көптеген салаларында, атап айтқанда сауда мен көлікте сақталуда. Ынталандырушы фискалдық саясат талаптарында мемлекеттік сектор салалары экономикаға қолдау көрсетуде.

Экономикалық белсенділіктің нашарлауы инвестициялар көрсеткіштеріне әсер етеді. 2020 жылғы он айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялардың қысқаруы жылдық мәнде 4,7%-ды құрады. Инвестициялардың төмендеуі Теңіз мұнай кен орнындағы ірі инвестициялық жобаның тоқтатыла тұруына байланысты тау-кен өнеркәсібіндегі инвестициялардың төмендеуімен тікелей байланысты. Құрылыс пен саудадағы инвестициялардың теріс серпіні сақталуда. Сонымен қатар, инвестициялардың барынша қатты төмендеуі оң серпінмен, ал кей жерлерде экономиканың нақты және мемлекеттік секторларының қалған салаларында инвестициялардың жеделдеуімен тежелуде.

2020 жылғы үшінші тоқсанда тұтынушылық сұраныстың біршама қалпына келуі байқалды, бұл кейінге қалдырылған сұраныстың орындалуын көрсетуі мүмкін. 2020 жылғы тамыздан бастап бөлшек тауар айналымының көрсеткіштері оң аймақта. Сонымен бірге, халықтың нақты ақшалай табыстарының төмендеуі, сауда объектілерінің қызметіне шектеулердің қолданылуын жалғастыру және елдің жекелеген өңірлерінде карантиндік шараларды қайтадан қатаңдату жағдайларында тұтынушылық сұраныс төмен күйінде қалып отыр.

2020 жылғы қарашада жылдық инфляция 4-6% нысаналы деңгейден жоғары болып, 7,3%-ға дейін жеделдеді. Бұл ретте инфляциялық процестердің серпіні Ұлттық Банктің болжамды бағаларынан төмен қалыптасуда, бұл төмен іскерлік белсенділік және әлсіз ішкі сұраныс

жағдайларында азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының күтілгеннен айтарлықтай қалыпты өсуіне байланысты болды.

Азық-түлік инфляциясының құрылымында ет және нан-тоқаш өнімдері бағасының өсуінің баяулауы барынша жылдам қарқынмен жүруде. Сонымен қатар, азық-түлік инфляциясының баяулауының жалпы үрдісіне қарамастан, тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағаның өсуі жеделдетуді жалғастырды. Мәселен, 2020 жылғы қарашада қант пен күнбағыс майы бағасының өсуі жалғасты.

Пандемия басталғаннан бері азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының баяу өсуі байқалды, бұл көп бағытты факторлардың әсерінен. Елдегі күрделі эпидемиологиялық жағдайдың сақталуы дәрі-дәрмектерге бағаның өсуіне әкеледі, қашықтықтан жұмыс істеу және оқу форматы тұрмыстық тауарларға сұранысты арттырады, бағаның өсуі сақталады. Сонымен қатар, көптеген азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны импорттық жеткізілімдер бағасының өсуіне және валюта бағамының әлсіреуіне қарамастан дағдарысқа дейінгі деңгейде қалып отыр. Бұл көбінесе тұтынушылардың әлсіз сұранысына және халықтың тұтынушылық қалауларының арзан импорттық тауарларға, атап айтқанда киім мен аяқ киімге ауысуына байланысты. Азық-түлікке жатпайтын құрамдасқа төмен сұраныс жағдайында ЖЖМ бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы да тежеуші әсер етеді.

Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясы реттелетін коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне байланысты жеделдетілуде. Қосымша проинфляциялық қысым жекелеген реттелмейтін қызметтерге, атап айтқанда аяқ киім, автомобиль жөндеу, ауруханалар, білім беру қызметтеріне бағаның өсуін көрсетеді.

Халықтың 2020 жылғы қарашадағы инфляциялық күтулері тамақ өнімдері (өсімдік майы, жұмыртқа, қант) нарықтарындағы теңгерімсіздікке және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, ел өңірлеріндегі карантиндік шаралардың күшеюі аясында белгісіздік деңгейінің өсуіне ұшырағыш болуын жалғастырып, жоғарылады.

Қазіргі уақытта мұнай бағасының шамалы өсуі байқалады, бұл COVID-19 коронавирусына қарсы вакциналардың тиімділігіне, ОПЕК+ елдерінің ұсынысты барынша қалыпты арттыру бойынша келісім жасасуына қатысты бірқатар оң жаңалықтармен байланысты (мұнай өндіру тәулігіне 1,9 млн баррельдің орнына тәулігіне 0,5 млн баррельге ғана ұлғайтылатын болады). Сонымен бірге, коронавирустың таралуы аясында әлемнің көптеген елдерінде карантиндік шектеулерді қайта енгізу әлемдік экономиканың қалпына келу жылдамдығына және мұнайға деген сұранысқа күмән келтіреді, бұл мұнай бағасын белгілеуге қысым жасайды.

Мұнайға әлемдік сұраныстың қалпына келуіне қатысты жоғары белгісіздікті назарға ала отырып, «2020 жылғы қараша-желтоқсан» болжамдық раунд шеңберінде базалық сценарий ретінде Brent маркалы мұнайдың бағасы орта есеппен болжамдық болашақта бір баррель үшін 45 АҚШ доллары деңгейінде қаралады.

Ұлттық Банктің болжамдары бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7,3-7,5% деңгейінде қалыптасады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер бағасының өсуінің біршама жеделдеуі азық-түлік тауарлары инфляциясының баяулауымен өтеледі. Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі баяулайды, алайда жекелеген тамақ өнімдері тарапынан проинфляциялық қысым сақталады. **Орта мерзімді перспективада оның 2021 жылдың соңына қарай нысаналы дәліздің жоғарғы шегіне қарай біртіндеп**

баяулауы және болжамды кезеңнің соңына дейін оның ішінде инфляцияның қалыптасуы болжанып отыр.

2020 жылы экономиканың қысқаруы нақты мәнде 2,5-2,7% деңгейінде бағаланады. Алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда болжам елдің бірқатар облыстарындағы эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы аясында, сондай-ақ экономикалық белсенділіктің неғұрлым төмен нақты серпіні нәтижесінде шамалы төмендеу жағына қайта қаралды. Орта мерзімді кезеңде 2020 жылғы базаның төмен болуы және эпидемиологиялық жағдайды біртіндеп қалыпқа келтіру салдарынан экономиканың оң қарқында өсуінің қалпына келуі байқалатын болады. **2021 жылы экономиканың өсуі 3,7-4,0%-ды құрайды, бұл 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта аздап баяулайды.**

Болжамның негізгі тәуекелдеріне науқастар санының өсуі және вакциналарды тиімсіз қолдану және Қазақстан ішінде және шетелде шектеу шараларын тиісінше күшейту аясында COVID-19 ахуалының одан әрі нашарлау тәуекелі кіреді. АҚШ президенті Д.Байден сайланғаннан кейін Ресейге қатысты санкциялық риториканың күшеюі қосымша тәуекел бола алады. Сондай-ақ жекелеген тауар нарықтарында сұраныс пен ұсыныс теңгерімсіздіктерінің туындау тәуекелі жоғары болып қалуда.

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ


1.1. Болжамның алғышарттары

COVID-19 пандемиясы жақын болашақта елдердің әлсіз және қалыпсыз дамуының айқындаушы факторы болып табылады.

Коронавирустық пандемияның қайталанған толқынына байланысты 2020 жылғы қазанда қайта басталған шектеу шаралары әлемдік экономиканың қалпына келу қарқынына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, ағымдағы шаралар көктемде енгізілгенге қарағанда соншалықты қатаң емес және шектеулі әсер ететін болады. Осыған байланысты және 2020 жылғы үшінші тоқсанда әлемдік экономиканың белсенді қалпына келуі аясында көптеген елдердің 2020 жылға арналған экономикалық өсуі туралы болжамдар айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Алайда, 2021 жылға арналған болжамдар, әсіресе ЕО елдері үшін біршама нашарлады. Сарапшылардың пікірінше, әлемдік экономика дағдарысқа дейінгі өндіріс көлемін тек 2022-2023 жылдарға қарай толық қалпына келтіреді.

Consensus Ecs болжамдары бойынша ЕО экономикасы 2020 жылы орта есеппен 7,3%-ға¹ (ж/ж) төмендейді (2020 жылғы 10 тамыздағы алдыңғы бағалау – 7,8%-ға қысқарту) (1-график). Болжамды қайта қарау ЕО-да коронавирустың таралуын болдырмау үшін енгізілген жаңа шаралармен байланысты болды, бұл 2020 жылғы төртінші тоқсандағы ІЖӨ-нің өсу қарқынына және тиісінше жалпы жылдық өсуге теріс әсер етеді. 2021 жылы эпидемиологиялық ахуал жақсарған сайын карантиндік шаралардың теріс әсері біртіндеп әлсірейді. Сонымен қатар, ЕО елдеріндегі іскерлік белсенділіктің тез қалпына келуі Ұлыбританиямен аз тиімді сауда келісімдерін жасаумен шектелуі мүмкін. Экономиканың өсуін қалпына келтіруге фискалдық және монетарлық ынталандырулардың сақталуы, сондай-ақ таяу болашақта экспортты қолдайтын Азия елдерінің тез қалпына келуі оң серпін береді. Consensus Ecs болжамдары бойынша 2021 жылы ЕО

1-график. Нақты мәнде Қытай, ЕО, Ресей ІЖӨ өсу қарқыны*, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs.

¹ 2020 жылғы 9 қарашадағы болжам

экономикасының қалпына келуі қалыпты емес және бұрын болжанғаннан ұзағырақ болады. Осыған байланысты, Consensus Ecs-тің алдыңғы бағалауымен салыстырғанда, ІЖӨ өсуі бойынша болжамды 5,3%-дан (ж/ж) 4,5%-ға (ж/ж) дейін төмендетті (2020 жылғы 10 тамыздағы бағалау).

Халықаралық ұйымдардың болжамдары бойынша, 2020 жылы әлемнің ірі экономикалары арасында тек Қытай ғана оң өсу қарқынын көрсетеді. 2020 жылдың соңына дейін өнеркәсіп өндірісінің ұлғаюы, кредиттеудің өсуі, сондай-ақ инвестициялар мен бөлшек саудадағы жаңарытылған өсу экономикалық өсуге қолдау көрсетеді деп күтілуде. Consensus Ecs болжамдары бойынша Қытайдың ІЖӨ 2020 жылы нақты мәнде 2,0%-ға² ұлғаяды (2020 жылғы 10 тамыздағы алдыңғы бағалау – 2,1%) (1-график). Қытайда экономикалық өсуді қалпына келтіру үрдісі 2021 жылы жалғасады. Consensus Ecs болжамдары бойынша Қытай экономикасы 2021 жылы 7,9%-ға дейін жеделдейді (2020 жылғы 10 тамыздағы алдыңғы бағалау – 7,8%). Сонымен қатар, Қытайдың негізгі сауда әріптестері болып табылатын ЕО мен АҚШ-тағы эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы нәтижесінде экспортталатын өнімдерге сыртқы сұраныстың ықтимал күтпеген өзгерістері тезірек қалпына келтіруге кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен бірге, Д. Байденнің президенттік сайлаудағы жеңіс нәтижесінде АҚШ-тың санкциялық тәуекелдерінің төмендеуі, сондай-ақ АҚШ долларының басқа халықаралық валюталарға қарағанда күтілетін әлсіз серпін өсудің оң факторлары болуы мүмкін.

Экспорттың күтілгеннен тезірек қалпына келуі, 2020 жылдың екінші жартысында мұнайдың салыстырмалы түрде тұрақты әлемдік бағасы және жоғары мемлекеттік қолдау талаптарында Ресей экономикасының құлдырауы ағымдағы жылы бұрын болжанғаннан аз болады деп күтілуде. Consensus Ecs бағалауы бойынша Ресейдің ІЖӨ өсу қарқыны 2020 жылы нақты мәнде 3,8%-ға³ төмендейді (ж/ж) (2020 жылғы 17 тамыздағы алдыңғы бағалау – 5,1%-ға төмендеді) (1-график). Бұл ретте 2021 жылы Ресейде

² 2020 жылғы 9 қарашадағы болжам

³ 2020 жылғы 16 қарашадағы болжам

және әлемде күрделі эпидемиологиялық жағдайдың сақталуы, сондай-ақ әлсіз ішкі сұраныс аясында Ресейдің ІЖӨ өсу қарқынының болжамы 3,1%-ға (ж/ж) дейін төмендеу жағына қарай қайта қаралды (2020 жылғы 17 тамыздағы алдыңғы бағалау – 3,4%).

Пандемияға байланысты Қазақстандағы тұтыну бағаларына сыртқы инфляциялық қысым барлық болжамды болашақта бәсеңдейді (2-график).


ЕО-да қайта карантиндік шектеулер, энергия бағасының төмендеуі және Германиядағы ҚҚС-тың төмен мөлшерлемелері инфляцияның 2020 жылдың соңына дейін өте төмен мәндерде болуын анықтайды. 2021 және 2022 жылдары жылдық инфляция біршама жеделдейді, бірақ ішкі сұраныстың салыстырмалы түрде әлсіз болуына, еңбек нарығындағы тұрақсыздыққа және еуро бағамының АҚШ долларына шаққандағы күтілетін өсуіне байланысты әлі де төмендейді. Сонымен қатар, Ұлыбританиямен сауда мәмілесінің болмауына байланысты импортталатын инфляция тарапынан қысым күшеюі мүмкін.

Болжам бойынша, Қытайда 2020 жылғы қараша-желтоқсанда азық-түлік бағасының төмендеуі келесі бірнеше айға созылуы мүмкін. Мұндай үрдіс теріс теріс сипатқа ие болуы мүмкін, өйткені тұтынушылар бағаның одан әрі төмендеуін күтіп, сатып алудан бас тартуы мүмкін, бұл дефляция мен экономиканың әлсіз дамуына қауіп төндіреді. Алайда, соңғы айларда байқалған тұтынудың қалпына келуі және төменгі база болжамды кезеңнің соңына дейін инфляцияның өсу траекториясын қолдайтын болады.

Ресейде қысқа мерзімді болашақта инфляцияға қарсы тәуекелдер дезинфляцияға қарағанда басым болады, бұл рубльдің АҚШ долларына шаққандағы күтілетін әлсіреуімен және инфляцияның жоғары күтуімен байланысты.

Ресейде 2020 жылғы қарашада жылдық инфляция күтпеген жерден 4,4%-ға дейін жеделдеді, бұл ең алдымен азық-түлік бағасының өсуіне байланысты болды. Бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Ресей Үкіметі тиісті шараларды, соның ішінде әкімшілік шараларды қабылдау міндетін қойды.

2-график . Қытайдағы, ЕО-дағы, Ресейдегі инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, РФ ОБ, Consensus Ecs., European Commission

* 2020 жылғы қазандағы (ж/ж) ЕО бойынша нақты инфляция

Елдегі іскерлік белсенділік қалыпқа келген сайын жылдық инфляция біршама баяулайды және болжамды кезеңнің соңына дейін таргеттелетін деңгейге жақын сақталады.

Пандемияның таралуын сақтау және оның одан әрі дамуына қатысты белгісіздіктің өсуі, сондай-ақ әлемдік экономиканың баяу қалпына келуін күту жағдайында **орталық банктер жүргізіп отырған саясат бейімделгіш болып қала береді**. Ресей экономикасындағы инфляциялық тәуекелдердің басым болуы РОБ-ның ақша-кредит саясаты саласындағы шешімдерін қабылдау кезінде де ескерілетін болады. Өз кезегінде, ЕОБ және ФРЖ эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты ұзақ уақыт бойы талқыланған ынталандыру пакетін іске асыруға кіріседі.

Халықаралық ұйымдар мұнай нарығының одан әрі даму перспективаларын сақтықпен бағалайды, өйткені іргелі көрсеткіштерді ескере отырып, қазіргі оң нәтиже уақытша және негізсіз болып табылады.

Пандемияға байланысты әлемдегі жағдайға қарамастан, EIA-ның 2020 жылғы қараша мен желтоқсанға күтулері оң болып қала береді. 2020 жылдың соңына қарай мұнай тапшылығы тәулігіне 3,5 млн баррельді құрайды деп күтілуде. Мұнай қоры төмендей береді. Мұнайды тұтыну мен өндірудің өсуі 2020 жылғы желтоқсанда тиісінше 3,1%-ды құрайды. ОПЕК – тен тыс елдерде мұнай өндіру 1,1%-ды, ОПЕК елдерінде-8,7%-ды құрайды (3-график).

Осылайша, 2020 жылы мұнайға сұраныс тәулігіне 92,9 млн баррельді құрайды деп күтілуде, бұл 2019 жылмен салыстырғанда тәулігіне 8,6 млн баррельге төмен. 2021 жылы сұраныс тәулігіне 98,8 млн баррель деңгейінде бағаланады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда тәулігіне 5,9 млн баррельге жоғары, бірақ 2019 жылмен салыстырғанда тәулігіне 2,7 млн баррельге төмен (4-график). Мұнай ұсынысы 2020 жылға тәулігіне 94,6 млн баррельден 94,4 млн баррельге дейін, ал 2021 жылға тәулігіне 98,8 млн баррельден 98,4 млн баррельге дейін аздап төмендеу жағына түзетілді (5-график).


Brent бағасы 2020 жылдың соңына дейін ағымдағы деңгейде қалады. Сұраныс өскен сайын 2021 жылы

3-график. Әлемдік мұнай нарығының серпіні



Дереккөзі: EIA

4-график. Мұнайды әлемдік тұтыну, ж/ж



Дереккөзі: EIA

5-график. Мұнайдың әлемдік өндірісі, ж/ж, %



Дереккөзі: EIA

әлемдік мұнай қорларының қысқаруы баға белгілеулердің өсуіне қолдау көрсететін болады. 2021 жылы бағаның орташа жылдық деңгейі бір баррель үшін 46,6 АҚШ долларын құрауы мүмкін.

Мұнай нарығы үшін басты қауіп – COVID-19 пандемиясының одан әрі дамуы және онымен байланысты шектеу шаралары. Ағымдағы жылғы желтоқсанда әлемнің жекелеген елдерінде вакцинация басталады. Біріншіден, медициналық қызметкерлерді, коронавирустың өткір белгілері бар науқастарды және қарт адамдарды вакцинациялау жоспарлануда. Алайда жаппай вакцинация өндірістік қуаттылықты кеңейтіп, логистикалық қиындықтарды шешкеннен кейін мүмкін болады.

Сонымен қатар, қатысушы елдердің ОПЕК келісімінен шығу ықтималдылығымен, Д.Байден сайланғаннан кейін АҚШ-тың болашақтағы мұнай саясатымен бірге АҚШ-тағы мұнай жеткізілімінің одан әрі артуымен байланысты тәуекелдерді де атап өткен жөн. 2020 жылғы желтоқсанда ОПЕК+ қатысушы елдер күнделікті мұнай өндіруді қалыпты арттыру туралы шешімге келді. Мәселен, егер алдыңғы келісім шеңберінде тәуліктік өндіруді арттыру 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап тәулігіне 1,9 млн баррельді құрауы тиіс болса, ағымдағы келісім бойынша мұнай өндіру тәулігіне 0,5 млн баррельге ғана ұлғаяды. Сонымен бірге, пандемия кезіндегі белгісіздікке байланысты мұнайға сұраныстың қалпына келуі ұзақ болуы мүмкін.

Әлемдік мұнай нарығындағы ағымдағы жағдайды және халықаралық ұйымдардың жаңартылған болжамдарын назарға ала отырып, 2020 жылғы төртінші тоқсаннан бастап 2022 жылғы екінші тоқсанға дейінгі кезеңге арналған макроэкономикалық болжамдарды әзірлеу кезінде **Ұлттық Банк экономиканы дамытудың 3 сценарийлік нұсқасын қарайды: базалық, пессимистік және оптимистік.**

Базалық сценарий кезінде Brent маркалы мұнай бағасы орта есеппен бір баррель үшін 45 АҚШ долларын құрайды және болжамдық кезеңнің соңына дейін осы деңгейде сақталады.

Пессимистік сценарий кезінде 2021 жылы мұнай бағасы орта есеппен бір баррель үшін 35 АҚШ долларына дейін төмендету болжануда, бұл әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына, вакцинаның ұзақ уақытқа болмауына, әлемдік экономиканың ұзақ уақытқа қалпына келуіне, мұнай жеткізілімінің сұраныстан асып кетуіне байланысты болады.

Оптимистік сценарий кезінде 2021 жылы әлемдік экономиканың тез қалпына келуі және әлемдік мұнай нарығында тапшылықтың пайда болуы жағдайында мұнай бағасы орта есеппен бір баррель үшін 55 АҚШ долларын құрайды деп пайымдалуда, бұл бағаларға жоғары қысым көрсетеді.

1.2 Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні

Қазақстанның экономикалық даму серпіні 2020 жылғы үшінші тоқсанда Ұлттық Банктің тамыз айындағы күтулерінен төмен қалыптасты, осыған орай 2020 жылдың соңына қарай экономикалық өсу жөніндегі болжам төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Мәселен, 2020 жылы ІЖӨ-нің төмендеу қарқыны 2,5-2,7 % болады.

Ағымдағы жылы фискалдық саясаттың контрциклдік бағытына байланысты мемлекеттік басқару органдарының тұтынуын қоспағанда, барлық құрамдастар тарапынан теріс үлес болжанады. Жалақыға да, тауарлар мен қызметтерді сатып алуға да шығыстардың өсуі болжанады.

Тұтынушылық сұраныс 2020 жылдың соңына дейін эпидемиологиялық жағдайдың біршама жақсаруы және 2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда жеңіл шектеу шаралары жағдайында біртіндеп қалпына келеді. Бұл ретте, үй шаруашылықтарын тұтынуды жеделдетудің тежеуші факторы экономика салаларындағы әлсіз іскерлік белсенділікке байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтудан және нақты сектордағы жалақыдан түсетін кірістердің қысқаруына байланысты халықтың нақты кірістерінің төмендеуі болып табылады.

Жыл соңына дейін экономиканың көптеген салаларындағы инвестициялық белсенділіктің қалпына келуіне байланысты жалпы жинақтаудың төмендеу қарқыны біртіндеп баяулайды деп күтілуде. Жалпы жинақтаудың өсу аймағына шығуын тау-кен өндіру саласындағы инвестициялардың төмендеуі шектейтін болады.

Мұнай бағасының төмен болуына және Қазақстанның өңделмеген мұнайды тәуліктік өндіруді қысқарту бойынша ОПЕК+ келісімінің талаптарын орындауына байланысты экспорт 2020 жылдың соңына дейін теріс серпінді сақтайтын болады. Бұл ретте экспорттың төмендеу шыңы 2020 жылғы үшінші тоқсанға келеді, жыл соңына қарай төмендеу қарқынының әлсіз баяулауымен металл кендерінің экспортын қысқарту да теріс үлес қосады, бұл ретте түсті металдар экспортына Қытай тарапынан сұраныстың өсуімен кейбір қолдау күтіледі.

Ішкі сұраныстың төмендеуі жағдайында импорт азаяды, осылайша 2020 жылы ІЖӨ-нің едәуір төмендеуін шектейді.

Орта мерзімді перспективада ІЖӨ-нің өсуі бойынша болжамдар алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Орта мерзімді кезеңде 2020 жылғы базаның төмен болуы және эпидемиологиялық жағдайды біртіндеп қалыпқа келтіру салдарынан экономиканың оң қарқында өсуінің қалпына келуі байқалатын болады. **2021 жылы ІЖӨ-нің өсуі 3,7-4,0%-ды құрайды, бұл 2022 жылғы бірінші жартыжылдықта аздап баяулайды.**

Тұтынушылық белсенділіктің кеңеюі халықтың нақты кірістерінің қалпына келтірілуімен және тұтынушылық несиелендірумен, еңбек нарығындағы жағдайды қалыпқа келтірумен және эпидемиологиялық жағдайды жақсартумен қатар жүреді. Сонымен қатар, салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алып қоюы тұтынушылық сұранысты қосымша қолдайды. Инвестициялық белсенділік ішкі және сыртқы сұраныстың, инфрақұрылымдық даму және импортқа тәуелділікті төмендету жөніндегі дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарламалардың өсуі аясында, сондай-ақ кейінге қалдырылған инвестициялық жобаларды іске асыру салдарынан оң серпінді көрсететін болады. Бұл ретте инвестициялық сұраныстың қалпына келтіру серпіні үй шаруашылықтарын тұтынудың өсуімен салыстырғанда неғұрлым қалыпты болады.

Экспорттың бірқалыпты өсуі Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі экономикалық өсудің оң қарқынын қалпына келтіру аясында сыртқы сұраныстың кеңеюімен қамтамасыз етілетін болады. Алайда ОПЕК+ мәмілесінің талаптарын одан әрі сақтау, мұнай өндірудің қалыпты көлемі және экспорттың жоғары базасы 2020 жылғы бірінші тоқсанда тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының өсуін қалпына келтіруді тежейтін болады.

ҚР Ұлттық қорынан 1 трлн теңге мөлшерінде нысаналы трансферт бөлу аясында 2021 жылы әлсіз оң серпінді көрсетуді жалғастырады, бұл ретте 2020 жылмен салыстырғанда бюджет баптарының басым бөлігі бойынша шығындардың төмендеуіне байланысты өсу қарқыны

айтарлықтай баяулайды. Экономикалық белсенділік серпініне ішкі тұтынушылық және инвестициялық сұранысты қалпына келтірумен қатар жүретін импорттың өсуі тежеуші әсер етеді. ІЖӨ өсуіне жиынтық сұраныстың барлық құрамдастарының (импортты қоспағанда) оң үлесіне қарамастан, экономиканың болжамды кезеңдегі барынша белсенді өсуі Қазақстанның негізгі сауда-әріптес елдер экономикаларының даму болжамдарын төмендету жағына қарай қайта қарау талаптарында сыртқы сұраныстың бұрын болжанғаннан баяу қалпына келуімен тежелетін болады. Сонымен қатар, COVID-19-дың кезекті толқыны аясында елдің жекелеген облыстарында алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда эпидемиологиялық жағдайды қалыпқа келтіру процестері ұзағырақ болады деп күтілуде, бұл ішкі сұранысты одан әрі арттыру әлеуетін шектейді.

Қысқа мерзімді кезеңде ОПЕК+ мәмілесінің талаптарын сақтау, сыртқы сұраныстың шектеулі қалпына келуі және әлсіз фискалдық импульс талаптарында шығарылымның теріс алшақтығы байқалатын болады. 2021 жылдың соңында шығарылымның алшақтығы нөлге жақын аймаққа оралады және болжамды кезеңнің соңына дейін осы деңгейде сақталады.


Бірқатар аймақтарда карантиндік шектеулерді қайта енгізумен күшейетін ішкі сұраныстың неғұрлым айқын дезинфляциялық әсері аясында алдыңғы бағалаумен салыстырғанда инфляция болжамы төмендеу жағына қарай қайта қаралды.

Ұлттық Банктің болжамдары бойынша 2020 жылдың соңына қарай инфляция 7,3 – 7,5% аралығында болады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы көрсетілетін қызмет бағасының өсуінің біршама жеделдеуі азық-түлік тауарлары инфляциясының баяулауымен өтелетін болады.

2020 жылдың соңына қарай азық-түлік тауарлары бағасының өсуі баяулайды, алайда жекелеген тамақ өнімдері тарапынан проинфляциялық қысым сақталады.

2020 жылы азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының баяу өсуі, валюта бағамының әлсіреуіне және импорттық бағалардың өсуіне қарамастан,

6-график. Инфляция, орта есеппен бір тоқсанда, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамдары

сұраныстың төмендеуіне байланысты болды. 2021 жылы эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына және экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне қарай тұтынушылық сұраныстың біртіндеп кеңеюі байқалатын болады, бұл өз кезегінде проинфляциялық қысым көрсететін болады. Сонымен бірге, инфляцияның азық-түлікке жатпайтын құрамдасына халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі және нақты ақшалай кірістер жағдайында тұтынушылық преференциялардың арзан импорттық тауарларға ауысуы әсер етеді.

Ақылы қызметтер бағасының өсуі көбінесе реттелетін қызметтер бағасының ағымдағы серпінінің сақталуына, сондай-ақ карантиндік шектеулердің алып тасталуына қарай реттелмейтін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаның өсуіне байланысты болады.

Жылдық инфляцияның орта мерзімді болжамдары алдыңғы бағалаумен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. **2021 жылдың соңына қарай ішкі сұраныс тарапынан дезинфляциялық әсердің сақталуы және болжамды кезеңнің соңына дейін оның осы дәліз ішінде қалыптасуы аясында жылдық инфляцияның 4-6% нысаналы аралығының жоғарғы шегіне қарай біртіндеп баяулауы болжанып отыр.**

Инфляциялық серпіннің баяулауы 2020 жылы азық-түлік тауарларына (ет, нан-тоқаш өнімдері, күнбағыс майы, қант, жұмыртқа, қарақұмық жармасы) бағаның жоғары өсуі және Қытай мен ЕО-дағы инфляцияның өздерінің нысаналы деңгейлеріне жетпеуі жөніндегі күтуімен бірге жүретін әлсіз сыртқы инфляциялық қысым нәтижесінде қалыптасқан инфляцияның жоғары статистикалық базасының кетуі аясында орын алады. Сонымен қатар, соңғы айларда байқалған жекелеген тамақ өнімдеріне бағаның өсуінен кейін әлемдік азық-түлік бағасының біртіндеп төмендеуі болжанады. Азық-түлікке әлемдік бағалардың барынша қалыпты серпініне астық қорларын олардың ұсыныстарының өсуі аясында ұлғайту ықпал ететін болады.

Экономикадағы дезинфляциялық серпінге тежеуші әсер ішкі және сыртқы экономикалық белсенділіктің қалпына келуі және ағымдағы деңгейлермен салыстырғанда сыртқы инфляциялық аяның біртіндеп өсуі жағдайында бейтарап аймаққа шығарылым алшақтығын қайтаруға әсер етеді (6-график).

1.3 Болжамның балама сценарийлері

Әлемдік экономиканың қалпына келу жылдамдығына және 2021-2022 жылдары әлемдік шикізат нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына қатысты белгісіздікке байланысты Ұлттық Банк базалық сценарийден басқа мұнай бағасының балама сценарийлерін қарастырды.

Ұлттық Банк қарастыратын пессимистік сценарий 2021 жылы мұнай бағасының бір баррель үшін 35 АҚШ долларға дейін төмендеуін және 2022 жылғы бірінші жартыжылдыққа дейін осы деңгейде сақталуын болжайды.

Осы сценарийдің іске асырылуы әлемде COVID-19 пандемиясымен ауырғандар санының өсуінің жалғасуы аясында 2021-2022 жылдары әлемдік экономиканың әлсіз қалпына келуімен және әзірленіп жатқан вакциналардың табыстылығы мен қолжетімділігінің жеткіліксіз болуына байланысты орын алуы мүмкін. Қатысушы елдердің ОПЕК+ келісімін толық орындамауы салдарынан мұнай нарығындағы ұсыныстың ұлғаюы бағаның құлдырауының қосымша факторы болуы мүмкін.

Пессимистік сценарийді іске асыру кезінде Қазақстанның негізгі әріптес елдері (ЕО, Қытай, Ресей) тарапынан сыртқы сұраныстың теріс ағымы экспорттың қалпына келу серпінін шектейді. Тау-кен өндіру секторы кәсіпорындары кірістерінің кейіннен төмендеуі өндіріс пен инвестициялардың қысқаруына алып келеді, бұл құрылыс, көлік, сауда және өзге де көрсетілетін қызметтер салаларына, ал одан әрі бүкіл экономикаға теріс әсер етеді. Халықтың нақты ақшалай табысының әлсіз серпіні (экономикалық белсенділіктің төмендеуіне және инфляцияның өсуіне байланысты) тұтынушылық сұранысқа теріс әсер ететін болады. Нәтижесінде, базалық сценариймен салыстырғанда 2021-2022 жылдары Қазақстан экономикасының қалпына келуі неғұрлым ұстамды болады. **2020 жылдың төмен базасы аясында нақты ІЖӨ-нің өсуі 3,3-3,6%-ды құрайды.**

Бұл сценарийде теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуі, импорттық өнімді жеткізудегі ықтимал бұзушылық және инфляциялық күтулердің тиісті өсуі аясында базалық сценариймен салыстырғанда инфляциялық процестердің барынша жоғары серпіні болжанады. Соған қарамастан, экономиканың барынша төмен жағдайына байланысты сұраныстың инфляциялық қысымы шектеулі болады. Болжамдық болашақта жылдық инфляция нысаналы дәлізден жоғары қалыптасатын болады.

Өз кезегінде, оптимистік сценарий **2021 жылы мұнай бағасының бір баррель үшін 55 АҚШ долларына дейін өсуін және болжамды кезеңнің соңына дейін оларды осы деңгейде сақтауды** көздейді. Мұнай бағасының өсуі COVID-19 пандемиясының жолын кесу аясында сұраныстың қалпына келуі және ОПЕК+ мұнай өндіруді қысқарту туралы шартты қатысушы елдердің қатаң орындауы салдарынан мұнай нарығындағы тепе-теңдіктің жылдам жетілуіне байланысты болуы мүмкін.

Оптимистік сценарийді іске асыру кезінде Қазақстан экономикасының өсу қарқыны базалық сценарийге қарағанда жоғары болады деп болжанады. **2021 жылы экономиканың өсуі 4,1-4,4%-ды құрайды.** Бұл экспорт пен ішкі сұраныстың оң серпінінен байланысты болады. Бұл ретте импорттың осыған байланысты өсуі ішінара экономиканың қалпына келуін тежейтін болады.

Оптимистік сценарий іске асырылған кезде инфляция базалық сценариймен салыстырғанда тезірек баяулайды. Бұған теңгенің айырбастау бағамының барынша берік серпіні және негізінен Ресейдегі инфляцияның баяулауы аясында сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі ықпал ететін болады. 2021 жылдың ортасына қарай инфляция 4-6% нысаналы дәлізге кіреді және бүкіл болжамды болаша ішінде сол деңгейде қалады.

1.4 Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер


Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда инфляция үшін тәуекел-бейіні тұтастай өзгерген жоқ, бірақ белгілі бір тәуекелдер жоғары деңгейде қалып отыр (7-график). Әлемде коронавируспен сырқаттанушылықтың өсуінің қайта басталуы және COVID-19-ға қарсы әртүрлі вакциналардың ықтимал толық қол жетімділікті болмауы немесе әлсіз тиімділігі көптеген елдер экономикаларының қалпына келу жылдамдығына теріс әсер етуі, энергия ресурстары бағасының құлдырауына әкелуі, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің шектелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде Қазақстанда инфляция едәуір жеделдеуі мүмкін.

COVID-19-дан вакцинаны әзірлеуге қатысты оң жаңалықтардың түсуі және ОПЕК+ шартына сәйкес әлемде мұнайды өндірудің аздаған өсімі мұнай бағасын бір баррель үшін 40 АҚШ долларынан жоғары ұстап тұрудың елеулі факторы болды. Осыған байланысты мұнай бағасының күрт төмендеу тәуекелі төмендеу жағына қарай біршама қайта қаралды. Алайда бұл тәуекел жоғары болып қалуда, ол COVID-19-дан вакцинациялаудың ықтималды тиімсіз және/немесе баяу процесімен, кейбір елдердің ОПЕК+ шартын бұзуымен байланысты, ол мұнай нарығының өзінің теңгерімділігіне қайтып келуіне кедергі болады. Теріс факторлардың ішінде сыртқы азық-түлік инфляциясының үдеу қаупінің жоғарлауын атап өту керек, бұл артқан сұраныс кезінде ұсыныстың төмендеуі аясында астыққа, қантқа, өсімдік майларына, сүт өнімдеріне әлемдік баға өсуімен байланысты. Жекелеген азық-түлік тауарларын өндіру көлемінің жеткіліксіздігі көптеген елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылуымен бірге азық-түлік нарықтарындағы теңгерімсіздіктердің өсуіне және оның бағасы өсуіне алып келуі мүмкін, бұл Қазақстандағы азық-түлік инфляциясына әсер етуі мүмкін.

Бұрын күтілгеннен барынша төмен экономикалық белсенділік аясында ішкі факторлардың ішінде сұраныс тарапынан инфляциялық қысым тәуекелі аздап төмендеді. Дегенмен, 2021 жылы халық пен экономиканы мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді жалғастыру және кейінге қалдырылған тұтынушылық сұраныс жағдайында экономикадағы инфляциялық қысым болжамды келешекте күшеюі мүмкін. Сонымен қатар, инфляциялық процестер үдеуінің маңызды факторы 2021 жылы зейнетақы қаражатын, бірінші кезекте тұрғын үйді жөндеуге және ипотекалық қарыздарды өтеуге алып алу болуы мүмкін, ол тікелей (құрылыс материалдарының және жөндеу қызметінің бағасы өсуі) әсер сияқты ішінара (қолда бар кіріс ұлғаюы арқылы) әсер етуі мүмкін.

Өз кезегінде, Қазақстанның сауда әріптес елдері жағынан сыртқы инфляцияның өсуі соншалықты айқын емес. Ресейде, инфляциялық процестердің жеделдеуіне қарамастан, инфляция таргетке жақын тұр, сондай-ақ болжамды келешекте төмен сұраныстың дезинфляциялық факторлары бар. Бұл фактор ЕО мен Қытайда төмен азық-түлікке жатпайтын инфляциямен қоса сыртқы инфляциялық қысым күшею тәуекелін төмендетеді.

7-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

АҚШ пен Қытайдың сауда даулары ықтималды реттелуіне қарамастан, АҚШ президенті Байден сайлануынан кейін Ресейге қатысты санкциялар күшейтілетіні жоққа шығарылмайды. Бұл факторлар дамушы елдердің валюталары, оның ішінде Қазақстанның да валютасы әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Ішкі факторлардың ішінде бұрын күтілгеннен экономикалық белсенділік барынша төмен болуы аясында сұраныс жағынан инфляциялық қысым тәуекелі аздап төмендеді. Соған қарамастан, 2021 жылы халық пен экономикаға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді жалғастыру және кейінгі қалдырылған тұтынушылық сұраныс жағдайында экономикада инфляциялық қысым болжамды келешекте күшеюі мүмкін. Бұдан басқа,

инфляциялық процестер үдеуінің маңызды факторы 2021 жылы зейнетақы қаражатын бірінші кезекте тұрғын үйді жөндеуге және ипотекалық қарыздарды өтеуге алып алу болуы мүмкін, ол тікелей (құрылыс материалдарының және жөндеу қызметінің бағасы өсуі) әсер сияқты ішінара (қолда бар кіріс ұлғаюы арқылы) әсер етуі мүмкін.

Жекелеген азық-түлік нарықтарында (жұмыртқа, қант, өсімдік майы) баға өсуі және Қазақстан ішінде және шетелде шектеу шаралары ықтималды күшеюі аясында жекелеген тауар нарықтарында сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі туындау және инфляция үдеу тәуекелі жоғары болып қалуда.

Жекелеген азық-түлік тауарларына бағаның аталған өсуі және инфляциялық күтулердің айырбас бағамының серпініне тәуелділігі салдарынан олардың нысаналы дәлізде реттелмеу тәуекелі бұрынғысынша сақталуда.

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

Ұлттық Банк 2020 жылғы 20 шілдеде пайыздық дәлізді +/-1,5 п.т. дейін тарылтып, базалық мөлшерлемені 9,0%-ға дейін төмендетті. Шешім проинфляциялық тәуекелдер азаюына және экономикалық белсенділік күтілгеннен де жоғары қысқаруына негізделді. Кейіннен, 2020 жылғы қыркүйек пен қазанда Ұлттық Банк мөлшерлемені бұрынғы деңгейде екі рет сақтады (8-график).


2020 жылғы 7 қыркүйектегі базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешім қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада инфляция тәуекелдері теңгерімін ескере отырып, қабылданды. Аздап реттелген инфляциялық күтулер, Ресейге қатысты санкциялық риториканың өсуі аясында қаржы нарықтарында құбылмалылықтың артуы, мұнайға сұраныстың неғұрлым баяу қалпына келуін күту және фискалдық және квазифискалдық шаралармен экономикалық белсенділікті одан әрі ынталандыру мүмкіндігі проинфляциялық тәуекелдер болды. Сонымен бірге экономикалық белсенділіктің төмендеуіне (Қазақстанның ІЖӨ-сі 2020 жылғы 9 айда жылдық көрсету бойынша 2,8%-ға қысқарды), тұтынушылық сұранысының баяулауымен және әлемдік нарықтарда азық-түлік тауарлары бағасының күтілген төмендеуімен байланысты дезинфекциялық факторлардың әсері жалғасты.

Ұлттық Банк 2020 жылғы 26 қазанда да базалық мөлшерлемені 9%-дық деңгейде сақтау туралы шешім қабылады. Шешім белгісіздікпен және әлемде ауырудың жаңа белең алуы және карантин шектеулерін енгізу, мұнай нарығындағы құбылмалылықтың артуы, сондай-ақ геосаяси тәуекелдердің өсуі аясында сыртқы тәуекелдердің іске асыру ықтималдығы артуымен байланысты болды.

2.2. Ақшалай ұсыныс

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру жағдайында ақша ұсынысының жылдық өсімінің жоғары қарқыны сақталып отыр. Ақшалай ұсыныстың өсуі ақша айналымының жылдамдығының баяулаған, сондай-ақ ақша базасының артық өсуіне салдарынан ақша

8-график. 2020 жылғы базалық мөлшерлеменің дәлізі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

мультипликаторы төмендеген кезде орны алады. Орта мерзімді перспективада бұл экономикада іскерлік белсенділік қалпына келуіне қарай бағаларға ақша ұсынысының өсуін кейінге қалдыру тәуекелдерін туындатады.

Ақша массасы сыртқы күтілмеген өзгерістердің аясында экономикаға қолдау көрсету үшін «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-тың сыртқы активтерін қайта бағалауға және капиталдандыруға әкелген 2020 жылғы наурызда күрт ұлғайғаннан кейін жылдық көрсету бойынша өсімінің жоғары деңгейін сақтауда (2020 жылғы қазанда 17,8%-ға ж/ж өсті). Есепті кезеңде кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы шеңберінде «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-ты қосымша капиталдандыру жүргізілді (9-график).

ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ белсенді орналастыру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларды кредиттеу нәтижесінде Үкіметке талаптардың өсуі де ақша массасының өсуіне оң үлес қосуда.

Ақша массасының өсуі, сондай-ақ төмен іскерлік белсенділік аясында ақша айналысының жылдамдығы баяулайды.


Ақша базасы 2020 жылғы наурыздан бастап (2020 жылғы қазанда 36,9% ж/ж өсті) көбінесе ЕДБ-ның ҚРҰБ-тағы депозиттері есебінен жоғары өсу қарқынын сақтауда. ҚРҰБ-тан тыс қолма-қол ақша ақша базасы өсуіне өз үлесін біртіндеп төмендетуде (10-график).

Ақша базасының шамамен 2 есе өсуі ақша массасы өсуінен артуда, бұл ақшалай мультипликатордың төмен деңгейіне әкеледі (2020 жылғы қазанда 2,6) (11-график).

2.3. Ақша нарығы


Ноттар шығарылымы қысқаруы аясында өтімділік профицитінің біртіндеп төмендеуі жалғасуда. Ақша нарығының таргеттелетін мөлшерлемесі теңгелік өтімділікке сұраныс артуынан жоғары шегіне кезең-кезеңімен жақындап, нысаналы дәліз ішінде қалыптасуда. Өтімділікті басқару тиімділігін арттыру және трансакциондық шығасыларды төмендету үшін 2020 жылғы тамыздан бастап KASE жаңа ASTS+ сауда

9-график. Ақша массасы, %-бен ж/ж




Дереккөзі: ҚРҰБ

10-график. Ақша базасы, %-бен ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

11-график. Ақша агрегаттарының өсуі, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

жүйесіне өтуіне байланысты TONIA индикаторын есептеуге өзгерістер енгізілді.

Ақша нарығы өтімділіктің профициті жағдайында жұмыс істеуді жалғастыруда. Өтімділік көбінесе қысқа мерзімді ноттар мен депозиттік аукциондар арқылы алынады (12-график).

2020 жылғы үшінші тоқсанда жылдық ноттарды шығару тоқтатыла тұруынан кейін 2020 жылғы шілдеден бастап өтімділік профициті төмендеу үрдісі жалғасты. 2020 жылғы қарашаның соңында ҚРҰБ операциялары бойынша таза сальдо 3,5 трлн теңге болды. 2020 жылғы қарашаның соңында 6 және 12 айлық ноттардың үлесі 53% болды. ҚРҰБ операцияларының құрылымында ноттардан (77,5%) кейін маңызды үлес депозиттік аукциондарға (17,7%) тиесілі.

TONIA базалық мөлшерлеменің нысаналы пайыздық дәлізінің ішінде қалыптасуда. Салық төлемдері кезеңінде айдың соңына тән 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шегіне жақын өсуі байқалады (13-график).


2020 жылғы 3 тамыздан бастап KASE-те мәмілелер жаңа ASTS+ сауда жүйесінде жүзеге асырылады, оның шеңберінде репо нарығы орталық контрагентпен репоға және гросс-есептеулермен репоға бөлінген. TONIA индикаторын есептеу өтімділікті басқару тиімділігін арттыру және трансакциондық шығындарды азайту үшін репо мәмілелерін тек орталық контрагентпен есепке алу түрінде жүзеге асырылады.

2.4. Валюта нарығы


Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы вакцинаны әзірлеумен байланысты оң сыртқы факторлар, сондай-ақ АҚШ-тағы президенттік сайлау қорытындысы бойынша артқана айқындылық аясында нығаюда.

2020 жылғы қыркүйек-қазанда сыртқы нарықтарда Еуропада, АҚШ-та коронавирустың қайта өсуіне және алдағы АҚШ президенттік сайлауға байланысты жоғары белгісіздік байқалды.


12-график. ҚРҰБ операциялары бойынша ашық позиция, млрд теңге



13-график. Базалық мөлшерлеме дәлізі және TONIA мөлшерлемесі



14-график. Своп мөлшерлемесінің серпіні



Своп мәмілелері бойынша мөлшерлемелер сыртқы нарықтардағы ахуалдың және теңгенің айырбастау бағамы серпінінің әсерінен қалыптасты. Теңгелік өтімділікке сұраныстың өсу кезеңінде спрэдтің кеңеюі байқалды (14-график).

Қарашада АҚШ-тағы сайлаудың алдын ала нәтижелері және вакцинаны ойдағыдай санақтан өткізу туралы хабарлар пайда болуымен инвесторлардың әрекеті жақсарды, ол доллар индексі мен алтынның құны 2020 жылғы қарашада төмендеуіне әкелді (15-график).

2020 жылдың қазан айының соңында мұнай бағасы барреліне 37,5 АҚШ долларға дейін төмендегеннен кейін коронавирустық вакцина туралы жағымды жаңалықтардың нәтижесінде қалпына келе бастады және қараша айының соңында Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 47,6 АҚШ долларға жетті (16-график).

Қыркүйек-қазанда ЕМ валюталары әлсіреуінен кейін жаһандық тәуекел-сентименттің нашарлауы аясында қарашада ЕМ валюталары қалпына келе бастады.


Сыртқы факторлардың әсерінен теңгенің айырбастау бағамы 2020 жылғы қарашаның басында бір АҚШ доллары үшін 434,62 теңгеге дейін әлсірегеннен кейін 2020 жылғы қарашада бір АҚШ доллары үшін 425,07 теңгеге дейін немесе 1,8%-ға нығайды (16-график).

Сауда балансының теріс сальдосы (2020 жылғы 3-тоқсанда -1,0 млрд АҚШ доллары) және оның салдары ретінде импорттың төмендеуімен салыстырғанда тауар экспорты біршама күрт құлдырауы есебінен төлем балансының ағымдағы шотының дефициті кеңеюі (-5,5 млрд АҚШ доллары) 2020 жылғы III тоқсанда теңгенің әлсіреуіне ықпал етті.

Ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныстың теңгерімі республикалық бюджетке кепілді трансферттерді бөлу шеңберінде Ұлттық қордың активтерін конвертациялаумен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың компаниялары экспорттық валюталық түсімінің бір бөлігін сатуы бойынша шаралармен қолдау тапты.


Теңгенің айырбастау бағамының артқан құбылмалығын төмендету мақсатында қазанның қыркүйектің жекелеген күндері ҚРҰБ валюталық

15-график. АҚШ доллары индексінің және алтынның серпіні, бір унция үшін АҚШ доллары




Дереккөзі: Thomson Reuters

16-график. Brent сұрыпты мұнайдың және теңгенің айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: Bloomberg, KASE

17-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгерісі, %



Дереккөзі: KASE

өктемділік жүргізді олар нетто негізде 232 млн. АҚШ доллары және 91,3 млн. АҚШ долл.құрады.

2.5. Қор нарығы

МБҚ бойынша кірістілік қисығы дағдарысқа дейінгі деңгейге ауысуда. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі 2020 жылғы наурыз-сәуірдегі жоғары мәндерден кейін базалық мөлшерлемеден кейін төмендетілді.

Акциялар нарығы жаһандық тәуекел-сентименті жақсаруы жағдайында өсуде.

ҚР Қаржымині қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруды жалғастырды және олардың 2020 жылға арналған 1 трлн теңге жоспары кезінде 2020 жылғы мамыр-қазанда жиынтық көлемі 0,8 трлн теңгеге жетті. Бастапқы нарықта ҚР Қаржыминінен басқа Еңбекпен қамту жол картасын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдары да МБҚ өсуіне біршама үлес қосуда.


2020 жылғы қазанның соңында МБҚ бойынша кірістілік қисығы 2020 жылғы тамыздағымен салыстырғанда орта мерзімді сегментте төменге қарай түсті (17-график).

Корпоративтік облигациялардың кірістілік индексі ақша-кредит талаптары жеңілдеу аясында біртіндеп төмендеуде (18-график).

2020 жылғы қыркүйекте көбінесе «ҚИК» АҚ-тың нарықтық деңгейден біршама төмен мөлшерлеме бойынша (6,02% бойынша) облигациялары шығарылымының есебінен орташа алынған мөлшерлеме 9,2%-ға дейін төмендеді. «ҚИК» АҚ қоспағанда, шығарылған корпоративтік облигациялар бойынша орташа алынған кірістілік 11,85% болды. Қараша айында орташа мөлшерлеме 11,3% құрады (19-график).


Акциялар нарығы 2020 жылғы қыркүйек-қазанда төмендегеннен кейін АҚШ-тағы президенттік сайлау нәтижелері және COVID-19 қарсы тиімді вакцинаны әзірлеу туралы жаңалықтардың аясында жаһандық тәуекел-сентименті жақсаруы жағдайында өсуін жалғастырды (20-график).

18-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі, %




Дереккөзі: KASE, ҚРҰБ

19-график. Эмитенттердің жылдық кірістілігі, %



Дереккөзі: KASE, ҚРҰБ

20-график. KASE индексі (31.12.2019 = 100%)



Дереккөзі: KASE

2.6. Депозит нарығы

Депозиттер бойынша мөлшерлемелер базалақ мөлшерлемеден кейін біртіндеп төмендеуде. Жылдық көрсету бойынша депозиттердің өсуі жалғасуда. Депозиттерді долларландыру 40-41% деңгейінде тұрақтанды.

Базалық мөлшерлемені 2020 жылғы шілдеде төмендеткеннен кейін корпоративтік сектордың салымдарынан негізгі үлесті құрайтын (2020 жылғы қазанда 88,5%) бизнестің қысқа мерзімді (1 айға дейінгі) теңгемен салымдары бойынша орташа алынған мөлшерлеме шілдедегі 7,5%-дан қазанда 7,0%-ға дейін төмендетілді (21-график).

Халықтың салымдары бойынша мөлшерлеме базалық мөлшерлемені төмендету және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жағынан мөлшерлемелерді реттеу шеңберіндегі тиісті шаралар аясында біртіндеп төмендей бастады (22-график).

Депозиттер көлемі теңгелік салымдар, сондай-ақ валюталық салымдарды бағамдық қайта бағалау есебінен өсуде (23-график).


Депозиттердің долларлануы 2020 жылы ең төменгі мәнге жеткеннен кейін (шілдеде 39,5%) 2020 жылғы қыркүйек-қазанда айырбастау бағамы әлсіреуі нәтижесінде өсті. Белгісіздіктің және құбылмалылықтың өсуіне байланысты валюталық депозиттерге конвертациялау байқалды, бірақ көлемдері шамалы болды. Нәтижесінде, 2020 жылғы қазанның қорытындысы бойынша депозиттерді долларландыру 40,8% болды (24-график).

Халық пен бизнестің валюталық салымдарының үлесі ортақ долларландыру деңгейінде қалыптасты (тиісінше 40,9% және 40,7%).

2.7. Кредит нарығы


Ынталандыратын ақша-кредит саясаты кредиттік мөлшерлемелерді төмендетуде көрініс алды. Корпоративтік сегментте кредиттік портфельдің шамалы өсуі байқалады. Бөлшек секторда өсімнің негізгі драйвері ипотекалық кредиттеу болып табылады.

21-график. Заңды тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлеме, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

22-график. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

23-график. Компоненттердің депозиттер көлемінің өсуіне қосқан үлесі, ж/ж



— заңды тұлға депозиттері валютамен қайта бағалау
 — Жеке тұлға депозиттері валютамен қайта бағалау
 — заңды тұлға депозиттері валютамен
 — Жеке тұлға депозиттері валютамен
 — заңды тұлға депозиттері теңгемен
 — Жеке тұлға депозиттері теңгемен
 — Депозиттер өсу қарқыны, в % ж/ж

Дереккөзі: ҚРҰБ

Экономиканың нақты секторы субъектілеріне теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме өткен жылғы 2019 жылғы қазандағы 12,0%-дан 2020 жылғы қазанда 11,8%-ға дейін төмендеді. Мөлшерлеменің серпініне базалық мөлшерлеменің төмендеуі, бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ карантин шаралары біртіндеп жеңілдетілуіне қарай кейінге қалдырылған сұраныс есебінен көбінесе қамтамасыз етілген ШОБ тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың өсуі әсер етті.


Берілген кредиттердің көлемінде негізгі үлесті құрайтын кәсіпорындардың қысқа мерзімді теңгемен кредиттері бойынша мөлшерлемесі 2020 жылғы қазанда 11,6% болды (2019 жылғы қазанда – 11,8%) (25-график).

Нақты секторға кредиттердің өсуі жалғасуда. Өнеркәсіпке арналған кредиттер өсімге негізгі үлес қосады (27-график).

2020 жылдың наурыздан бастап халыққа кредит беру кіріс төмендеуі аясында баяулады, бұл бөлшек секторында кредиттердің өсімін баяулатуға әсер етті (26- график).


Тұтынушылық кредиттердің баяулауын тоқтата тұру жалпы кредит портфеліне оң әсер етеді. Нақты секторды кредиттеу кредиттердің өсуіне өзінің оң үлесін біртіндеп қалпына келтіруде. Нәтижесінде, экономикаға кредиттердің өсуі қазанда 7%-дық деңгейде тұрақтанды.

24-график. Депозиттерді долларландыру,



Дереккөзі: ҚРҰБ

26-график. Құрауыштардың жеке сектор кредиттерінің жылдық өсіміне үлесі, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

25-график. Кредиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

27-график. Салалардың бизнес кредиттерінің жылдық өсіміне үлесі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

3.1. Сыртқы сектор


2020 жылғы үшінші тоқсанда әлем экономикасы қалпына келуін жалғастырды. Іскерлік белсенділіктің озыңқы индикаторларына сәйкес өнеркәсіп секторы мен көрсетілетін қызметтер секторы 2020 жылғы шілдеден бастап өсуді көрсетуде (28-график). Экспорт көлемі ұлғаюы аясында Қытайда әлемді сауданың құлдырау қарқыны баяулағаны аталады. Ұқсас үрдістер әлемдік әуе тасымалдау серпінінде, әсіресе жүк тасымалдауы мен ішкі рейстерде байқалады. Мәселен, Ресейді ішкі рейстер толығымен қалпына келуде, Қытайда саланың төмендеу қырқыны баяулады. Пандемияның бірінші толқыны кезеңінде біршама өскен (2020 жылғы сәуірде – 14,7%) АҚШ-тағы жұмыссыздық 2020 жылғы қарашада 6,7%-ға дейін төмендеді.

Қазақстанның сауда әріптес-елдерінде ағымдағы жағдай жалпы алғанда позитивті қалыптасты.

Өнеркәсіпте және сыртқы саудада оң серпін сақталуы, инвестициялар мен бөлшек сатылымда өсімнің қалпына келуі аясында 2020 жылғы үшінші тоқсанда Қытай экономикасы 4,9%-ға (ж/ж) ұлғайды. ЕО мен Ресейде 2020 жылғы екінші және үшінші тоқсандарда күрт төмендегеннен кейін экономикалық жағдай едәуір жақсарды. ЕД-да ІЖӨ-нің қысқаруы нақты көрсету бойынша (ж/ж) 3,9%, Ресейде 3,6% (ж/ж) болды.

Мұнайдың әлемдік нарығында COVID-19 қарсы вакциналарды ойдағыдай сынақтан өткізу жөніндегі жаңалықтар шығуымен және ОПЕК+ елдері 2020 жылғы 3 желтоқсанда мұнайды өндіруді біртіндеп төмендету бойынша шешім қабылдауымен байланысты позитив басым. Мұнай бағасы 2020 жылғы наурыздың басынан бері алғашқы рет бір баррель үшін шамамен 50 АҚШ долларына жуық болды (29-график). 2020 жылдың маусымынан бастап мұнайды тұтыну мұнай ұсынысынан тұрақты озып келеді. 2020 жылғы қазанда мұнай тапшылығы тәулігіне 3,4 млн баррельге дейін өсті.

28-график. Іскерлік белсенділіктің жаһандық композиттік индексі



Дереккөзі: Bloomberg

* –индекстің 50-ден артық мәні көрсеткіштің өскенін, 50-ден аз – оның төмендегенін, 50-ге тең – оның өзгермегенін білдіреді.

29-график. Brent маркалы мұнайдың бағасы, АҚШ долларымен (бір айда орташа алғанда)



Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)

1-бокс. COVID-19 пандемиясы кезеңінде мұнайға әлемдік сұраныс

COVID-19 пандемиясы әлемдік мұнай нарығындағы бағаның бұрын-соңды болмаған төмендеуіне әкелді. Сұраныс пен ұсыныстың бірмезгілде күтілмеген өзгеріс жүзеге асырылды. Мұнай бағасының әлемдік баға белгілеулері 2008-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысынан кейін ең төменгі мәндерге дейін құлдырады. Орын алған оқиғалар қандай да бір түрде көптеген елдердің экономикаларына, әсіресе экспортының негізгі бабы мұнай болып табылатын елдерге әсер етті.

Қазақстанда ағымдағы дағдарыс мұнайды өндіру күрт қысқаруына әкелді (1-график). 2020 жылғы үшінші тоқсанда құлдырау 16,2% (ж/ж) болды. Сонымен қоса, заттай көрсету бойынша мұнай экспортының өсу қарқыны 2020 жылғы бірінші тоқсандағы 13,8%-дан 2020 жылғы үшінші тоқсанда 7,6%-ға дейін баяулады. Франция, Швейцария, Испания тарапынан мұнайды тұтынудың қысқаруы

экспорттың серпініне төмендететін қысым көрсетті. Сонымен қоса шикізатты Үндістан, Қытай, Италия, Нидерланд және Грецияға жеткізуді ұлғайтумен экспорт қолдау тапты.

Италия мен Нидерландқа 2020 жылы экспорттың өсуі



статистикалық нәтижеге байланысты болу мүмкіндігін атап өткен жөн, себебі 2019 жылдың ішінде аталған бағыттар бойынша экспорттың қысқарғаны байқалды. Тарихи Қазақстан мұнайының көптеген бөлігі Еуропа елдеріне бағытталды. Осыған байланысты, Қытай мен Үндістан мұнайды Ресейден, Таяу Шығыс елдерінен және Африкадан басымдықпен импорттайтын фактісін назарға ала отырып, Қытай мен Үндістанға экспорттың өсуі уақытша сипатта болуы мүмкін.

EIA болжамы бойынша, ЕО елдерінде және Үндістанда 2021 жылғы бірінші тоқсанның соңына дейін мұнайды тұтыну қысқаратын болады (2-график). Болашақта экономикалық белсенділіктің біртіндеп қалпына келуі аясында мұнай тұтыну арта бастайды. ЕО мен Үндістанда 2021 жылғы екінші тоқсанда мұнайды тұтынудың күрт өсуі 2020 жылғы төмен базаға негізделгенін атап өткен жөн.



Сонымен қоса, 2021 жылдың соңына дейін тұтыну дағдарысқа дейінгі деңгейге қайтып келмейді. Қытайда мұнайға сұраныс өсуіне қарамастан, 2019 жылмен салыстырғанда 2021 жылдың ішінде ол барынша аз болады.

ХВҚ болжамы бойынша (2020 жылғы қазан) Италия, Швейцария, Франция және Греция бойынша 2020-2021 жылдарға арналған экономикалық өсім бойынша күтулер төмендеу жағына қайта қаралды (1-кесте), ол Италияда мемлекеттік борыштың одан әрі өсімі күтілуіне, жұмыстан босатуға тыйым аяқталғаннан кейін және мемлекет тарапынан еңбекақыға үстеме қысқарғаннан кейін бірден еңбекпен қамту қысқаруына, авиация мен туризмде қалпына келудің төмен серпініне, сондай-ақ төмен ішкі сұраныс пен инвестицияларға байланысты.

ЕО елдерінің барынша аз және ұзақ қалпына келуі, көбінесе, тұтыну деңгейіне теріс әсер етеді. Тиісінше, бұл дәстүрлі сауда әріптестер тарапынан Қазақстан мұнайына

1-кесте. Экономикалар өсу қарқыны бойынша болжамдар, ж/ж, %

	2020	2021
Италия	-10,6 ↑ (-12,8)	5,2 ↓ (6,3)
Нидерланд	-5,4 ↑ (-7,5)	4,0 ↑ (3,0)
Швейцария	-5,3 ↑ (-6,0)	3,6 ↓ (3,8)
Франция	-9,8 ↓ (7,2)	6,0 ↓ (7,3)
Грекия	-9,5 ↑ (-10,0)	4,1 ↓ (5,1)
Испания	-12,8 (-12,8)	7,2 ↑ (6,3)
Қытай	1,9 ↑ (1,0)	8,2 (8,2)
Үндістан	-10,3 ↓ (-4,5)	8,8 ↑ (6,0)

Дереккөзі: МВФ

деген сұраныстың қалпына келуін шектейтін болады.

3.2. Экономикалық белсенділік пен ішкі сұраныс


2020 жылғы үшінші тоқсанда карантин шектеулерін біртіндеп алып тастау және сауда орындарының жұмысын қалпына келтіру аясында екінші тоқсандағы елеулі сәтсіздіктен кейін (16%-ға төмендеу) үй шаруашылықтарының нақты тұтынуы біртіндеп қалпына келуде.

Тұтынушылық белсенділіктің белгілі бір қалпына келуі бөлшек сауда көрсеткіштерімен расталады, олар 2020 жылғы тамызда, қыркүйекте және қазанда өсуді көрсетті (2019 жылғы тиісті аймен салыстырғанда). Бұл ретте өсім азық-түлік тауарлары саудасымен қамтамасыз етілді. Мәселен, 2020 жылғы қаңтар-қазанда азық-түлік тауарларының бөлшек сауда айналымы айтарлықтай қалпына келіп, 5,4%-ға өсті. Ол азық-түлік өндірісінің (3,4%-ға) және импорттың (жылдың 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте 3,3%-ға) өсуімен қолдау тапты. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың тауар айналымы тұтынушылық кредиттеудің қысқаруы аясында (2020 жылғы үшінші тоқсанда 22%-ға төмендеді, ж/ж) әлі де теріс серпінін сақтап отыр, алайда төмендеу қарқыны баяулауда (30-график).

Халықтың тұтынушылық көңіл-күйі қатаң локдаун кезеңінде ең төменгі деңгейді көрсетті. Қазіргі уақытта олар теріс емес (31-график). Осындай жағдай қысқа мерзімді кезеңдегі экономикалық белсенділіктің даму перспективаларына қатысты халықтың күтуіне тән. Карантиндік шараларды қатаңдату кезеңінде халықтың бағалау әсіресе теріс болды. Сонымен қатар, халықтың экономиканың дамуына қатысты күтулері неғұрлым ұзақ кезеңде (5 жыл) тұрақты болып қалуда (32-график).


Халықтың тұтынушылық белсенділігін жеке тұлғалардың банктердегі шоттарындағы ақша қаражатының айналыс көлемінің серпіні арқылы да байқауға болады. Екінші тоқсанда карантин шараларын қатаңдату және іске асырылмаған тұтынушылық сұраныс жағдайында, жеке тұлғалардың

30-график. Бөлшек сауда айналымы, жинақталған қорытындымен, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

31-график. Ірі сатып алулардың қолайлығын бағалау (жауаптар теңгерімі)⁴



Дереккөзі: Fusion LAB

32-график. Экономика дамуының перспективасын бағалау⁵



Дереккөзі: Fusion LAB

⁴ Ірі сатып алудың қолайлығын бағалау мына «Ірі сатып алу/шығыстар үшін жалпы алғанда қазір жақсы немесе жаман уақыт деп санайсыз ба?» деген сұрақтар негізінде жүргізіледі

⁵ Экономика даму перспективасын бағалау мына сұрақтар негізінде жүргізіледі «Жалпы алғанда елдегі экономикалық жағдайлар туралы айтсақ, келесі 12 ай мен

келесі бес жыл ел үшін қандай уақыт болады?» Сандық мәні оң және теріс жауаптар үлестері арасындағы айырма +100 ретінде есептелетін жауаптар теңгерімін білдіреді. Индекстер мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары

шоттары бойынша беру және түсімдер айтарлықтай қысқарды. Мәселен, жеке тұлғалардың шоттарынан қаражат беру 2020 жылғы сәуірде жылдық көрсету бойынша 50%-ға, ал түсімдер 54%-ға қысқарды (33-график).


2020 жылғы шілдеде қосымша локдаун аясында жеке тұлғалардың шоттарынан ақша қаражатын беру мен түсімдер қысқаруы мамыр-маусымда аздаған баяулаудан кейін қайтадан күшейе түсті (тиісінше 30% және 18%). Тамыздың ортасынан бастап шектеулерді біртіндеп жеңілдету жеке тұлғалардың шоттарынан қолма-қол ақша берудің біртіндеп қалпына келуімен қатар жүрді, бұл 2020 жылғы үшінші тоқсанның ортасынан бастап халықтың тұтынушылық белсенділігі біршама қалпына келгенін көрсетеді.

Сонымен қатар, халықтың кірісі жылдық көрсетуде 2,5%-ға төмендеп, үшінші тоқсанда теріс серпінді сақтады. Халықтың номиналды кірісінің құрылымында көбінесе өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кіріс пен жалдау бойынша жұмыстан түсетін кіріс қысқарды. Мәселен, экономикадағы нақты еңбекақы 0,1%-ға қысқарды, оның ішінде ірі және орта кәсіпорындар бойынша еңбекақы 1,1%-ға қысқарды, ал шағын кәсіпорындар бойынша нақты еңбекақының өсу қарқыны 5,3%-ға дейін баяулады (34-график).

Нақты еңбекақының өсуі мемлекеттік сектор салаларында сақталуда (35-график). Бұл ретте мемлекеттік бюджеттің еңбекақыға шығысының өсуі баяулау аясында (2020 жылғы екінші тоқсандағы 38,6%-дан үшінші тоқсанда 16,8%-ға дейін), білім беру мен мемлекеттік басқаруда да еңбекақы төлеудің өсу қарқыны төмендеді. Еңбекақы төлеудің оң серпіні ақпарат пен байланыста, тұру мен тамақтану қызметінде, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында да тіркелді. Нақты сектордың қалған салаларында нақты көрсету бойынша еңбекақының теріс серпіні байқалады.

Халық кірісінің құрылымында өзге кіріс пен мемлекет саясатының әлеуметтік бағытталуы сақталуы аясында әлеуметтік трансферттерден кіріс (зейнетақы,

33-график. Жеке тұлғалардың банктердегі шоттарынан қаражат беру және оларға қаражат түсуі, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

34-график. Халықтың нақты кірісі және нақты еңбекақысы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

35-график. 2 және 3-тоқсандардағы нақты еңбекақы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

мән оң бағалаудың басым болуын, 100-ден төмен теріс бағалаудың басым болуын білдіреді.

стипендия, жәрдемақы) өскенін көрсетті. 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте республикалық бюджеттің әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамтамасыз етуге шығысы 18,3%-ға өсті. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) алушылардың саны қаңтар-қазанда қысқаруын жалғастырды, жылдық төмендеу 59% болды, ал АӘК орташа шамасы 39%-ға төмендеді.

Инвестициялық белсенділік COVID-19 пандемиясының теріс салдарын байқауда. Қаңтар-қазанның қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар 4,7%-ға қысқарды (36-график).

Теңіз мұнай игеру орнында ірі инвестициялық жобаны уақытша тоқтата тұрудан тау-кен өнеркәсібінде (2020 жылғы қаңтар-қазанның қорытындысы бойынша 25,6%-ға) инвестициялардың төмендеуінен инвестициялардың азаюы тікелей байланысты. Осы аяда тау-кен саласының инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі біршама 1,5 есе қысқарды (2020 жылғы бірінші тоқсандағы 57%-дан 2020 жылғы үшінші тоқсанда 37,5%-ға дейін). Құрылыста (2020 жылғы қаңтар-қазанда 41,7%-ға төмендеді) және саудада (22,9%-ға) инвестициялардың теріс серпіні жалғасуда. Инвестициялардың неғұрлым терең төмендеуі оң серпінмен, ал кейбір жерлерде экономиканың нақты және мемлекеттік секторларының қалған салаларында инвестициялардың жеделдеуімен тежеледі (37-график).

2020 жылғы қаңтар-қазанның қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестициялар құрылымында құрылыс пен күрделі жөндеуге шығыс бойынша өсім (6,7%-ға) сақталуда, машиналарға, көлікке, жабдыққа инвестициялар мен өзге инвестициялар әлі де теріс аймақта қалуда.

Ағымдағы кезде іске асырылып жатқан түрлі ипотекалық бағдарламалар («7-20-25», «Баспана Хит», ТҚЖБ) тұрғын үй құрылысына инвестициялардың жоғары өсімін ынталандырады, олар жылдың басынан бері жылдық көрсету бойынша 30%-ға ұлғайды. Атырау облысында ғана тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға беру қысқаруы (11,6%-ға) аясында инвестициялардың төмендегені (45%-ға) тіркелді. Тұрғын үй құрылысына инвестицияларда мемлекеттің үлесі 20% болды, ал олардың көптеген бөлігі салушылардың меншікті қаражатына және халықтың қаражатына тиесілі – тиісінше 39% және 33%.

36-график. Жинақталған қорытындымен инвестициялық белсенділік көрсеткіштері, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

37-график. Жинақталған қорытындымен СЭҚ бойынша негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ


Инвестициялар өсуі аясында ағымдағы жылы пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы алаңы 9,7%-ға ұлғайды. Өңірлер бойынша өсім бойынша көшбасшы Нұр-Сұлтан (54,6%-ға), Шығыс Қазақстан (16,7%-ға) және Түркістан облыстары (12,5%-ға өсім). Коронавирус инфекциясының таралуы әлем бойынша, оның ішінде Қазақстанда тауарлар жеткізілімі бұзылуына және сауда көлемі қысқаруына әкелді. Сыртқы сауда айналымы 2020 жылғы 9 айда 62,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2019 жылғы ұқсас кезеңнен 12,9%-ға төмен.

Экспорт 18%-ға төмендеді (38-график), бұл ретте ең көп 35,6%-ға төмендеу 2020 жылғы үшінші тоқсанда орын алды. Тауарлар құрылымында минералдық өнімдер (23% – ға), металдар (қорғасын – 46% – ға, мырыш – 22% – ға, алюминий – 9% - ға, титан-32% - ға), құрылыс материалдары (құрылыс кірпіштері-69% - ға, қыш тақтайшалар-31% - ға), тоқыма материалдары мен бұйымдары (30% - ға) экспортының азаюы байқалады. Сонымен қатар, жердегі көлік құралдары мен ұшу аппараттары экспортының артқанын атап өткен жөн (18%).

Қазақстан экспортында өңделмеген мұнай мен газ конденсаты негізгі үлесті иеленеді. Қазақстан 2020 жылғы мамырдан бастап ОПЕК+ мұнайды өндіруді қысқарту жөніндегі келісімінің шектеулерін орындау мақсатында өңделмеген мұнайды бір тәулікте игеруді қысқартты (39-график). Алайда осыған қарамастан, мұнай мен газ конденсатының экспорты физикалық көлемде 2020 жылғы қаңтар-қыркүйектің қорытындысы бойынша 7,6%-ға өсті, мұнайдың құны бойынша экспорты 24,8%-ға қысқарды (38-график). Елдер бойынша мұнай экспорты нақты көрсетуде Италияға 19,2%-ға, Нидерландқа – 15,8%-ға, Грецияға – 56%-ға, Қытайға – 2,2 есе, Үндістанға – 3 есе ұлғайды. Бұл ретте экспорт Францияға 40,7%-ға, Корея Республикасына – 61,3%-ға, Испанияға – 43%-ға төмендеді.


Өңделмеген мұнайдан басқа түсті және қара металдарды өндіру көлемі қысқарды. Бұл ретте 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте мыс пен алюминийдің экспорттық жеткізілімі өскені тіркелді. Мыс экспорты 6,4%-ға өсуі Қытай тарапынан сатып алу ұлғаюына (24,9%-ға өсті), Түркияға (36,8%-ға) және үлесі 0-ден

38-график. Тауарлар бөлігінде құны бойынша экспорт және нақты көрсету бойынша мұнай экспорты, ж/ж жинақталған қорытындымен, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

39-график. Өңделмеген мұнайды, қара және түсті металдарды өндіру, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

14%-ға өскен Грузияға жеткізілім өсуіне байланысты алюминий 1,2%-ға экспорты өсті. Екінші жағынан, қорғасын экспорты 12,2% және мырыш экспорты 4,1%-ға қысқарғанын атап өту қажет.

2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте импорт 5,1% - ға төмендеді, ең жоғары құлдырау екінші тоқсанға келді (9,8% - ға төмендеді). Импорт құрылымында инвестициялық импорттың, атап айтқанда Іштен жану қозғалтқыштарының (60,3% - ға, заттай мәнде г/г), машиналар мен өнеркәсіптік жабдықтардың (38,2% - ға), ауыл шаруашылығына арналған жабдықтардың (21,5% - ға) қысқаруы байқалады.

Бұл ретте азық-түлік тауарларының, атап айтқанда ет (13,8%), сүт (20,7%), құрақ қант (20,1%), су және алкогольсіз сусындар (31,8%), этил спирті және спиртті ішімдіктер (68,6%) және темекі шикізаты (19,7%) импортының ұлғаюы байқалады. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында дәрі-дәрмектер (17,8%), гигиеналық, косметикалық (51,5%) және жуғыш заттар (28,6%), киім (15,5%) импорты артты. Сонымен қатар, тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтар импортының 2,1 есе, сұйық сорғылар импортының 3,7 есе артқаны байқалады.

2-бок. Бизнес цикл «сағаты»

Ұлттық Банк іскерлік циклді жедел бағалау жөніндегі жұмыс шеңберінде 2016 жылғы қыркүйектен бастап Іскерлік белсенділік индексімен қатар экономика саласында қолданбалы зерттеулер жүргізуге мамандандырылған және Германия үкіметі, бизнес пен түрлі ұйымдар үшін консультациялық және зерттеу қызметтерін көрсететін IFO⁶ институтының әдістемесіне сәйкес Бизнес-ахуал индексін (бұдан әрі – БАИ) есептейді.

БАИ құру үшін кәсіпорындарға жүргізілетін ай сайынғы сауалнамалардан екі көрсеткіш қолданылады:

1) кәсіпорындар басшыларының ағымдағы бизнес-талаптарын бағалауы (жауап нұсқалары: «жақсы», «қанағаттанарлық» және «нашар»);

2) кәсіпорындар басшыларының болашақтағы бизнес-талаптарын бағалауы (жауап нұсқалары: «анағұрлым қолайлы», «өзгеріссіз» және «аз қолайлы»).

БАИ оң және теріс жауаптар арасындағы геометриялық орташа айырма ретінде есептеледі. Индекстің 0-ден жоғары мәні жағдайдың жақсарғанын, ал 0-ден төмен мәні жағдайдың нашарлағанын білдіреді. Оның серпині ай сайын ҚРҰБ-ның интернет ресурсында жарияланып тұрады.

Экономиканың циклдің қай кезеңінде болғанын және қазіргі кезде қандай кезеңде тұрғанын нақты түсіну үшін IFO институты **Бизнес-цикл «сағатын»** (IFO Business Cycle Clock) әзірледі. Оларды құру үшін ағымдағы жағдайларды (координаттардың бір осі бойынша) және болашақтағы жағдайларды (координаттардың басқа осі бойынша) бағалау қатарлары пайдаланылады.

1-график. Бизнес-цикл "сағаты"




Диаграмма екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген, олар іскерлік ахуал тұрғысынан экономикалық циклдың төрт кезеңін білдіреді: даму, экспансия, төмендеу, рецессия. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс, ал күтулер оң болса, экономика даму кезеңінде, егер ағымдағы жағдайларды бағалау да күтулер де оң болса, онда экономика экспансия кезеңінде тұр және т. б.

Қазіргі уақытта қызмет көрсету, өнеркәсіп және құрылыс секторынан 451 кәсіпорын қатысып отырған ай сайынғы сауалнамалардың деректері пайдаланыла отырып, Қазақстан экономикасы үшін осындай Бизнес-цикл «сағаты» құрылды (1-график). Ағымдағы және болашақтағы жағдайлар бойынша жауаптар теңгерімі⁷, өз кезегінде, кәсіпорындардың салмағы қолданыла отырып есептеледі және маусымдық фактордан тазарту рәсімдерінен өтеді. Содан кейін экономика бойынша ағымдағы және болашақ бизнес-талаптарын бағалау секторлардың салмағы ескеріле отырып, олардың ІЖӨ-дегі ВДС үлестеріне сәйкес біріктіріледі


Осы «сағатқа» сәйкес экономиканың 2016⁸-2017 жылдары даму кезеңінде, 2018-2019 жылдары-экспансия кезеңінде болғаны, ал 2020 жылғы наурызда Қазақстан экономикасы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары енгізілгеннен кейін бірден рецессия кезеңіне өткені және оның кәсіпорындардың экономикалық белсенділігіне теріс әсер еткені туралы тұжырым жасауға болады. 2020 жылғы сәуірде іскерлік белсенділіктің рекордтық төмендегені байқалды: ағымдағы және сол сияқты болашақ бизнес-жағдайларын бағалау нашарлады. 2020 жылғы мамырда карантин шаралары жеңілдетілгеннен кейін экономикалық белсенділіктің қалпына келуі байқалды: ағымдағы және болашақ бизнес-жағдайларын бағалау біртіндеп жақсарды, дегенмен, жалпы алғанда теріс болып қала берді. 2020 жылғы қыркүйектен бастап экономика даму кезеңіне көшті. Күздің басынан бастап кәсіпорындардың күтуі оң болды, бірақ, ағымдағы жағдайлар теріс бағаланды. 2020 жылғы қарашада ағымдағы жағдайдың қазан айымен салыстырғанда айтарлықтай жақсаруына және желтоқсанға күтулердің шамалы жақсаруына қарамастан, экономика даму кезеңінде қалды.

⁷ оң және теріс бағалаулар арасындағы айырма


⁸ Қадағалаудың басталуы – 2016 жылғы қыркүйек

3-бокс. Пандемияның Қазақстанның көлік саласына әсері


1-график. Көлік және қоймада сақтау қызметтері көлемінің серпіні, өңірлер үлесі, ж/ж %-бен



2-график. Жүк тасымалдарының индексі, % ж/ж



3-график. Жолаушылар айналымы, % ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

2020 жылы әлемнің көптеген елдерінің экономикалары коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты факторлардың теріс әсеріне ұшырады. Қазақстанда COVID-19-ды алғашқы жұқтыру жағдайларының орын алуы елде төтенше жағдай режимін және қалаларда карантин енгізу қажеттілігін туындатты. Карантинге ұшыраған қалалар мен облыстардың тізімі жұқтыру жағдайлары анықталған сайын кеңейе түсті, бұл экономиканың нақты секторындағы көптеген субъектілердің қызметін тоқтатты. Пандемиядан және оған байланысты шектеулерден зардап шеккен салалардың бірі көлік саласы болды.

Мұндай жағдай Қазақстанда да байқалды. Көптеген кәсіпорындар қызметінің уақытша тоқтатылуы және адамдардың қозғалысына шектеулер қою жүк және жолаушылар тасымалы көлемінің төмендеуіне әкелді. Көлік 2020 жылы ең үлкен құлдырауды көрсеткен салаға айналды. Қазақстанда Көлік қызметінің құлдырау шегі 2020 жылғы сәуірде (36,6%-ға қысқару) және мамырда (25,0%-ға) (өткен жылдың тиісті айына келетін ай) болды. Саудамен қатар көлік те ІЖӨ-нің төмендеуіне басты үлесті қосты.

2020 жылғы қаңтар-қазанда тасымалдау және қоймада сақтау саласындағы қызмет көлемі жылдық көрсеткіште 17,3%-ға қысқарды. Ағымдағы жылғы 10 айдың ішінде ІЖӨ 2,9%-ға қысқарған кезде құлдырауға көлік саласының теріс үлесі 1,3 п.т. құрады. Мұндай серпін соңғы рет 2009 жылы байқалған болатын. Өңірлер бойынша көлік қызметінің қысқаруына Алматы қаласындағы (22,7%-ға, ж/ж), Қызылорда (21,5%-ға, ж/ж), Қарағанды (24,5%-ға, ж/ж), Батыс Қазақстан (25,9%-ға, ж/ж) облыстарындағы көлемдердің төмендеуі негізгі үлесті қосты (1-график).

2020 жылғы қаңтар-қазанда көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау 2016 жылдан бастап алғаш рет 7,1%-ға (ж/ж) қысқарды. Әуе көлігімен аз жүк тасымалданды – 18,5%-ға төмендеді (тасымалдаудың жалпы көлеміндегі үлесі – 0,4%), сондай-ақ өзге де құрлықтағы көлікпен аз жүк тасымалданды – 7,9%-ға (8,1%) төмендеді. COVID-19-дың таралуына байланысты сауда әріптес елдердегі іскерлік белсенділіктің төмендеуі аясында Қазақстанның энергия ресурстарына сұраныс азайды, бұл мұнай мен газ конденсаты

экспорты көлемінің төмендеуіне ықпал етті. Ол құбыржол көлігінің серпініне теріс әсер етіп, оның көлемі 8,4%-ға қысқарды (тасымалдаудың жалпы көлеміндегі үлесі-51,4%) (2-график). Сонымен қатар, ОПЕК + келісімінің талаптарын орындау шеңберінде мұнай өндіру көлемінің қысқаруы құбыржол көлігі көрсеткіштерінің төмендеуіне ықпал етті.

Өңірлер бойынша Батыс Қазақстан облысын, Алматы қаласын және Шымкент қаласын қоспағанда, Қазақстанның бүкіл аумағында жүк тасымалдау көлемінің қысқаруы байқалды.

Елді мекендер ішінде жүріп-тұруға және қоғамдық көлік жұмысына шектеулер енгізу, сондай-ақ шекаралардың жабылуы және адамдардың қашықтан жұмыс істеу режиміне көшуі нәтижесінде жолаушылар айналымының көлемі жыл басынан бастап 60,4%-ға (ж/ж) қысқарды. Қысқару көліктің барлық түрлері бойынша және Қазақстанның барлық өңірлерінде орын алды. Теміржол көлігімен жолаушылар айналымы 52%-ға (жолаушылар айналымының жалпы көлеміндегі үлесі – 13,5%), автомобиль көлігімен – 61,5%-ға (үлесі – 70,5%), әуе көлігімен – 52,1%-ға (үлесі – 15,5%) қысқарды (3-график).

4-бокс. COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі тұтынушылық сұраныс

COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы бүкіл әлемдегі халықтың тұтыну басымдықтары мен шығыстарына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Шығыстар құрылымының өзгеруі вирустың таралуын болдырмау үшін әртүрлі елдердің үкіметтері енгізген мобильділік пен белсенділікті шектеулерімен тығыз байланысты.

Карантиндік шектеулерді енгізу, қонақ үйлерді, мейрамханаларды, сұлулық салондарын жабу және қашықтан жұмыс істеу мен оқу режиміне көшу үй шаруашылықтарының тұтынушылық шығыстарының өзгеруінің негізгі факторлары болды. Бұған кірістің уақытша немесе тұрақты жоғалуы және адамдардың денсаулығын сақтау үшін барынша абайлап әрекет жасауы да әсер етті.

Пандемия басталғаннан бері бүкіл әлемде туристік және көлік қызметтеріне, қоғамдық тамақтану қызметтеріне, сұлулық салондарына, мәдени және спорттық іс-шараларға сұраныс күрт төмендеді. Қашықтан жұмыс істеу және оқу форматы сауда нысандарының жабылуымен қатар кейбір киім мен аяқ киім түрлеріне сұраныстың төмендеуіне әкелді. Сонымен бірге, азық-түлік шығыстары, әсіресе пандемияның басында айтарлықтай өсті, бұл халықтың тауарларға сұранысының күрт өсуіне және тауарларды артығымен сатып алуына, сондай-ақ үйде⁹ тамақ дайындау қажеттілігіне байланысты болып отыр.

Тұтыну басымдықтары мен шығыстарындағы мұндай өзгерістер Қазақстанда да байқалады. СЖЖРА ҰСБ деректері бойынша 2020 жылғы екінші тоқсанда үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымында азық-түлік тауарларына арналған шығыстардың үлесі 59%-ға дейін (2019 жылғы екінші тоқсанда – 53%) ұлғайды, мұнымен қатар халыққа арналған ақылы қызметтер шығыстардың үлесі де 16%-ға дейін (23%) төмендеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарларға арналған шығыстардың үлесі өзгерген жоқ (24%), бұл осы топтың құрылымындағы тауарларға сұраныстың әртүрлі бағыттағы үрдістеріне байланысты болды (1-график).


1-график. Халықтың тұтыну шығыстарының құрылымы



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Тұтыну шығыстарының құрамында азық-түлік тауарларына арналған шығыстар бойынша ең жоғары өсім байқалды (нақты көрсеткіште 15%-ға, ж/ж). Бұл ретте тамақ өнімдеріне арналған шығыстардың құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ (2-график). Тұтыну бағаларының өсуі аясында ет және ет өнімдеріне арналған шығыстардың шамалы өсуі байқалады. Сондай-ақ, жеміс-жидек шығыстарының өсуін атап өткен жөн, бұл бағаның күрт өсуіне және пандемия кезінде иммунитетті көтеретін өнімдер ретінде сұраныстың артуына байланысты болуы мүмкін. Өз кезегінде, қант пен кондитерлік өнімдер шығыстары төмендеді, бұл 2019 жылдың соңынан бері байқалған қант бағасының төмендеуіне байланысты. Карантиндік шектеулердің қолданылуына байланысты халықтың үйден тыс жерлерде тамақтану шығыстарының азаю жағдайларында жалпы тамақ өнімдеріне арналған шығыстар өсті.

2-график . Тамақ өнімдері шығыстарының құрылымы




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

⁹ ХВҚ-ның 2020 жылғы 17 тамыздағы Special Series on COVID-19 «CPI Weights and COVID-19 Household Expenditure Patterns» зерттеулері.

Азық-түлік тауарларынан айырмашылығы, COVID19 пандемиясының әсері көбінесе азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстарға әсер етті (3-график). Киім мен аяқ киімге (26%-ға дейін), жанар-жағармай материалдарына (14,8%-ға дейін) жұмсалатын шығыстар үлесі айтарлықтай төмендеді, бұл қашықтан жұмыс істеуге көшуге, ел ішінде жүріп-тұруға және шетелге ұшуға енгізілген шектеулерге байланысты. Сонымен қатар, үйден жұмыс істеу және оқу ақпараттық-коммуникациялық жабдықтарға, атап айтқанда компьютерлерге, сондай-ақ жиһаз бен тұрмыстық техникаға сұраныстың артуына әкелді, бұл жұмыс орнын ұйымдастыру және жұмыс істеу және оқу үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне байланысты аталған санаттағы тауарлар құнының өсуі аясында үй шаруашылықтарының жиһаз бен тұрмыстық техникаға арналған шығыстарының үлесі 22,1%-ға дейін өсті.

Эпидемиологиялық жағдайдың едәуір нашарлауы, жұқтырғандар санының өсуі, сондай-ақ сұраныстың артуы мен теңгенің айырбас бағамының әлсіреуі нәтижесінде дәрілер құнының қымбаттауы жағдайларында дәрі-дәрмек шығыстарының үлесі артты.


3-график. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар шығыстарының құрылымы



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Коронавирустық пандемиядан ең көп зардап шеккен сала ақылы қызмет көрсету секторы болды. Үй шаруашылығына байланысты шығыстар үлесінің төмендеуі саяхаттауға, сапарларға, демалыстарға, спорт пен мәдениетке, мейрамханалар мен кафелерде тамақтануға, сондай-ақ жеке гигиена қызметтеріне байланысты барлық қызметтерден көрінді (4-график). Оқытудың онлайн режиміне көшуге, сондай-ақ көптеген білім беру платформаларын тегін қолдануға мүмкіндік беруге байланысты білім беру шығыстары төмендеді. Сонымен қатар, байланыс және денсаулық сақтау қызметтеріне сұраныстың артуы аясында оларға байланысты шығыстар өсті. Төтенше жағдай және оқшаулау кезеңінде тарифтердің төмендеуіне қарамастан, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге байланысты шығыстар 2020 жылғы екінші тоқсанда 36%-ды құрай отырып ұлғайды. Бұл өзін өзі оқшаулау үшін үйде болу жағдайларында жалпы коммуналдық қызметтерді тұтынудың артуымен байланысты болуы мүмкін.

4-график. Ақылы қызметтерге жұмсалған шығыстарының құрылымы



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

3.3. Инфляция

2020 жылғы қарашада жылдық инфляция 4-6% нысаналы деңгейден жоғары болған күйінде 7,3%-ға дейін жылдамдады (40-график).


Бұл ретте жылдық инфляцияның серпіні Ұлттық Банктің болжамды бағалауларнан төмен қалыптасты, бұл азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының күткеннен де неғұрлым қалыпты өсуіне байланысты болды.

Тамыздан бастап азық-түлік тауарлары бағасының өсуі бәсеңдеді. Дегенмен, тауарлардың бұл тобы инфляциялық процестердің қалыптасуына негізгі үлесін қосып келеді. Сонымен қатар, 2020 жылғы қарашада азық-түлік өнімдері бағасының жылдық өсуі азық-түлік тауарларын өндірушілер бағасының өсу қарқынының баяулауы аясында, сондай-ақ өткен жылғы ет, нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының жоғары айлық өсу есебінен шығуына орай 10,8% болды (41-график).

Ет пен ет өнімдеріне жылдық инфляцияның бәсеңдеуі тірі мал мен қайта өңделген етті өндірушілер бағасының баяу өсуі аясында болды. Ет өнімдеріне сұраныстың нашарлау жағдайларында әлемдік бағаның төмендеуі етті тұтыну бағаларына аз қысым жасады (42-график).

Бидайдың ішкі бағасының өсуінің бәсеңдеуі аясында нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының жылдық өсу қарқыны баяулайды, бұл 2020 жылы астық өнімінің мол болуына және қорлардың¹⁰ артуына байланысты болды. Сонымен қатар, ФАО-ның астық бағасына индексі әлемдегі белсенді сұранысты көрсете отырып, бидайдың экспорттық бағасының өсуі нәтижесінде қатарынан төртінші ай қарқын алуда. Дегенмен, Аргентинадағы, Еуропаның кейбір аудандарындағы, Солтүстік Америка мен Қара теңіз аймағындағы қолайсыз ауа-райына байланысты экспорттық ұсыныстың төмендеуі байқалады (43-график). Бидайдың әлемдік бағасының өсуі бидайдың және барлық нан-тоқаш өнімдерінің ішкі бағасын өсіретін қосымша тәуекелдер туғызады.


40-график. Инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ


*2011 жылдан бастап осы уақыт аралығындағы маусымдық түзету Х-12-ARIMA әдісі арқылы жасалды.

41-график. Азық-түлік инфляциясының серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

42-график. Ет және ет өнімдері



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

¹⁰ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің

деректері бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы астық 5,6%-ға артық бастырылды.

Сонымен бірге, айлық өсудің тұрақтануы және 2019 жылғы жоғары қор әсерінің біртіндеп жойылуы нәтижесінде қарақұмық бағасының жылдық өсімінің бәсеңдегенін атап өткен жөн. Өткен жылғы қарақұмық бағасының көтерілуі қарақұмық егіс алқаптарының қысқаруына және қарақұмық жинау тиімділігінің төмен және бейнетінің көп болуына орай жалпы жиынның екі есе төмендеуіне байланысты болды.

Жеміс-көкөніс өнімдері бағасының серпіні тұрақты болып қалады. Көкөніс бағасының өсу қарқынын үдеуі жемістердің дезинфляциясымен теңестіріледі. 2020 жылғы қарашада тұтыну қоржынында ұсынылған барлық жемістер бағасының өсу қарқынының баяулағаны байқалады. Көкөністер құрылымында қызанақ пен қияр бағасының өсуі баяулады, қалған ұстанымдар бойынша бағаның өсу қарқыны үдегені байқалады.


Азық-түлік инфляциясының жалпы баяулауына қарамастан, бірқатар тауарлар қарқынын үдетті. Мәселен, 2020 жылғы қарашада жұмыртқаның жылдық инфляциясы 16,6% болды. Жұмыртқа құнының өсуі жем-шөптің қымбаттауынан, сондай-ақ құс тұмауының салдарынан өндірушілер бағасының өсуінің жылдамдауына байланысты.

Соңғы уақытта байқалып отырған күнбағыс майы бағасының өсуі өндірушілер бағасының өсуіне және импорт бағасының, атап айтқанда Ресейден әкелінетін өнімдер бағасының қымбаттауына байланысты болды, бұл жерде 2020 жылы күнбағыс дақылдарының шықпай қалуына байланысты бағаның өсуі байқалады.

СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстанда тұтынылатын дайын ақ қанттың шамамен 84%-ы импортпен қамтамасыз етіледі, оның едәуір бөлігі Ресейден жеткізіледі. Ресей импортының жоғары үлесі ішкі бағалардың ресейдегі бағаларға тәуелділігін арттырады, соңғы уақытта ұсыныстың төмендеуінен қант бағасының айтарлықтай өскені байқалады (2020 жылғы қазанда Ресейде қант бағасының өсуі 39,8% ж/ж болды).

Инфляциялық күтулер жөнінде халыққа жүргізілген сауалнамалардың деректері бойынша 2020 жылғы қарашада қант, өсімдік майы мен жұмыртқа

43-график. Нан-тоқаш өнімдері және жарма




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

44-график. Респонденттер арасында қант, жұмыртқа және күнбағыс майы бағасының өзгергенін ағаруы



Дереккөзі: Fusion Lab

45-график. Азық-түлікке жатпайтын инфляция серпіні



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

бағасының өскенін атап көрсеткен респонденттер үлесінің бірден өскенін атап өткен жөн (44-график).


2020 жылғы қарашада **азық-түлікке жатпайтын инфляция** жылдық көрсеткіште 5,7%-ды құрады (45-график). Көптеген азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны импорттық жеткізілімдер бағасының өсуіне қарамастан дағдарысқа дейінгі деңгейде сақталып отыр. Бұл халықтың нақты ақшалай табысының азаюына, сауда объектілерінің жұмысына карантиндік шектеулердің сақталуына және елдің жекелеген аймақтарында карантиннің енгізілуіне орай тұтынушылық сұраныстың баяулауына байланысты. Сонымен қатар, қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарлар бағасының өсу қарқыны үдей түсті. 2020 жылғы қыркүйекте импорттық жеткізілімдердің өсу қарқынының 0,2%-ға (ж/ж) дейін баяулауына қарамастан, сұраныстың жоғары болуына байланысты фармацевтикалық өнім бағасының өсуі 9,7%-ға (ж/ж) дейін жеделдеді (46-график).

Күрделі эпидемиологиялық жағдай кезеңінде жуу және тазалау құралдарына жоғары сұраныстың сақталуына байланысты аталған тауарлар бағасының жылдық өсуі 10,2%-ға дейін жеделдеді. Теңгенің номиналды бағамының әлсіреуіне және карантин жағдайында сұраныстың артуына қатысты импорт бағасының өсуі нәтижесінде үй тұрмысындағы заттар қымбаттады.

Сұраныстың бәсеңдеуіне және ішкі өндірістің өсуіне байланысты ЖЖМ бағасының жылдық өсу (2020 жылғы қараша – жылдық өсім 1,7%) қарқынының төмен мәндері азық-түлікке жатпайтын инфляцияға төмендетілме қысым жасауда (47-график).

Сонымен қатар, халықтың тұтынушылық таңдауларының неғұрлым арзан импорттық тауарларға, атап айтқанда киім мен аяқ киімге ауысу үрдісі сақталып отырғанын және оның қосымша дезинфляциялық қысым көрсететінін атап көрсеткен жөн. Мәселен, ҰЭМ СК деректері бойынша 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар (киім, аяқ киім, дәрі-дәрмек, жиһаз және үй тұрмысындағы бұйымдар) импортының нақты көлемі құндық импортқа қарағанда тез өсті. Сонымен қатар, халықтың табысының төмендеуі, қашықтан жұмыс істеу және оқу режимі аталған тауарларға сұраныстың едәуір төмендеуіне әкелді.

46-график. Дәрі-дәрмек бағаларының серпіні, ж/ж




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

47-график. Бензин және дизель отыны ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

48-график. Сервистік инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

2020 жылғы қарашада халыққа арналған ақылы қызметтердің жылдық инфляциясы 4,1%-ға дейін жеделдеді (48-график).

Сервистік инфляция құрылымында реттелетін коммуналдық қызметтер тарифтерінің жылдық өсімі 2,4%-ға дейін жеделдеді (49-график).

Мәселен, 2020 жылғы қарашада қоқыс жинау (20,5%-ға дейін), электр энергиясы (6,6%-ға дейін) қызметтеріне жылдық инфляцияның айтарлықтай жеделдегені байқалады. Бұл ретте Энергетика министрлігі 2020 жылғы 1 шілдеден бастап активтерді жаңғырту және жаңарту қажеттілігіне, сондай-ақ шығындардың өсуіне байланысты электр өндіруші ұйымдар үшін жаңа шекті тарифтерді¹¹ (0,7% -44% шегінде өсу) бекітті. Бұл дерек тікелей әсер ету арқылы, сондай-ақ өндірушілердің өзіндік құнын арттыру жолымен жанама әсер ету арқылы сервистік құрауыштарды одан әрі жеделдету тәуекелдерін тудырады.

2020 жылғы тамыз-қарашада инфляциялық қысым ТҮКШ қызметтерінен басқа аяқ киім жөндеу (2020 жылғы қараша – 8,3%-ға, ж/ж өсу), салттық қызметтер (6,1%), автомобильдерді жөндеу (5,6%), ауруханалар қызметі (5,3%) және жоғары білім (4,2%) бойынша қызмет құнының жоғарылауын көрсетті.

2020 жылғы қазанда жылдық базалық инфляция (жеміс, көкөніс, реттелетін қызмет және жанар-жағармай материалдарының бағаларын есепке алмағанда) 7,4% болды (50-график). Жалпы және базалық инфляция арасындағы айырмашылық қысқарып келеді, бұл жалпы инфляцияға төмендетілме қысым көрсеткен базалық инфляцияны есептеуден шығарылатын тауарлардың дезинфляциялық әсерінің жойылуына байланысты (50-график).

Қысқартылған орташа базалық инфляция (бағаның ең жоғары және ең төменгі өзгерістерінің сегіз пайызын қоспағанда) 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта қыркүйек-қазанда жеделдетілгеннен кейін жылдық көрсеткіште 6,1% деңгейінде тұрақталды, бұл

49-график. Топтардың сервистік инфляцияға салымдары, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

50-график. Инфляция және базалық инфляция*, ж/ж, %



* Жемістер мен көкөністер, коммуналдық қызметтер (реттелетін), теміржол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны мен көмір бағаларын есепке алмағанда;

** Ең жоғары және ең төмен сегіз пайыз баға өзгерістерін қоспағанда, барлық тауарлар мен қызметтер

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

51-график. Инфляция және күтілетін инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

¹¹ «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 маусымдағы бұйрығы

проинфляциялық факторлармен дезинфляциялық факторлардың теңестірілуінен көрінеді.

Халықтың инфляциялық күтулерді бағалауы қазан айында өсті. Елдегі қиын эпидемиологиялық жағдай және елдің жекелеген өңірлерінде карантиннің күшеюі халыққа жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне әсер еткен негізгі факторларға айналды.

2020 жылғы қарашада инфляцияның сандық бағасы бір жыл бұрын 7,8%-ды құрады (51-график). Алдағы 12 ай ішінде бағаның ағымдағы немесе неғұрлым жылдам өсуінің сақталуын күтетін респонденттердің үлесі 52%-ға дейін өсті (қыркүйекте – 49%). Қазан-қарашада респонденттер жекелеген азық-түлік, оның ішінде өсімдік майы, жұмыртқа және қант бағасының өсуінің жеделдегенін атап көрсетті.

Инфляциялық күтулер респонденттердің жауаптарындағы белгісіздік деңгейінің артуымен қатар өсті. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі өз күтулерін бағалауға қиналды, бұл сауалнама жүргізу тарихындағы ең жоғары мән болып табылады.

5-бокс. Веб-скрепинг негізінде жаңа жылдық үстелдің құнын бағалау


Пандемия кезінде ақпараттық технологиялар секторының үдемелі дамуы жаңа сату арналарының пайда болуына және көптеген ретейлерлердің онлайн форматқа көшуіне әкелді. Сөйтіп, Интернетте бөлшек сатушының веб-сайты арқылы тауарлар мен қызметтерді сатып алу айтарлықтай дамыды. Онлайн сауданың дамуы машиналық оқыту элементтерін қолдана отырып, тұтыну бағаларын талдау үшін жоғары жиіліктегі дерекқорды едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді.

Баға туралы ақпаратты жинаудың ең танымал әдістерінің бірі - веб-скрепинг, бұл веб-ресурстардың беттерінен веб-деректерді алу технологиясы. Веб-парақтарды скрепингтеу үлкен деректерді өңдеу және талдау әдістерімен бірге ресми статистикамен сапа жағынан салыстырылатын неғұрлым дараланған және тиімді көрсеткіштерді бағалауға мүмкіндік береді. Веб-скрепинг технологиялары әлеуметтік-экономикалық деректерді жинауға және түсіндіруге мүмкіндік бере отырып, зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Олар сонымен қатар жаңа талдау өлшемдерін жасауға, жиілікті өзгертуге және өнімдер мен қызметтердің нақты топтарына назар аударуға мүмкіндік береді.

Веб-скрепинг әдісі инфляцияны баламалы бағалау құралы ретінде әлемнің орталық банктерінде өте танымал¹². Ұлттық статистика бюросының деректерін пайдаланудан айырмашылығы, бұл әдіс инфляцияны және оның барлық құраушыларын егжей-тегжейлі қарастыруға, сондай-ақ бастапқы көздерден алынған мәліметтермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның Ұлттық Банкінде 2017 жылдан бастап «Galymzhan» тұтыну бағаларының мониторингі және талдау жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде, ол интернеттегі барлық қол жетімді тауарларды тұтыну себетінен және олардың бағасынан жинайды және біріктіреді. Қазіргі уақытта «Galymzhan» жүйесі Қазақстанның 6 қаласындағы (Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Өскемен, Павлодар) бағалар бойынша деректерді жинайды, бұл қалған қалалар мен өңірлерде техникалық жағынан сәйкес келетін интернет-дүкендердің болмауына байланысты¹³.

1-график. Мерекелік "үстелге" арналған рецепт



¹² Қазіргі уақытта инфляцияны баламалы есептеудің жеке жүйесі (веб-скрепинг негізінде) Үндістан, Польша, Швеция, Армения, Украинаның орталық банктерінде қолданылады.

¹³ Жүйеге қалалардың кіруі өңірлерде цифрландырудың дамуына және веб-скрепинг үшін қолжетімді интернет-дүкендердің пайда болуына қарай кеңейтілетін болады.


Жаңа жыл қарсаңында «Galymzhan» жүйесі жинаған дерекқордың негізінде «жаңа жылдық үстелдің» құны бағаланды. Осылайша, іріктемеге жүйеде бар қалалар енгізілді, ал жаңа жылдық мәзір сараптамалық түрде жасалды (1-график).

2-график. Қалалар бойынша үстел құны мен номиналды жалақыны салыстыру



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

График 3. "Galymzhan" жүйесінің деректері бойынша халықтың сатып алу қабілеті



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

«Жаңа жылдық үстелдің» құны Қазақстан бойынша үй шаруашылығындағы адамдардың орташа санын ескере отырып есептелді (4 адам). Азық-түлік өнімдерінің бағасы ретінде 2020 жылғы 14 қарашадағы жағдай бойынша «Galymzhan» жүйесінен алынған орташа бағалар ұлттық статистика бюросының деректерімен үйлесімді пайдаланылды.

Талдау көрсеткендей, ел бойынша орташа есеппен жаңа жылдық үстелдің құны 21 108 теңгені құрайды (2-график). Елорда тұрғындары мерекелік дастарқанға көп қаражат жұмсайды (23 117 теңге), ал ең аз жұмсайтындар - Павлодар қаласының тұрғындары (19 195 теңге), онда еттің құны елдегі ең төменгілердің бірі болып қала береді. Ұсынылған қалалар бөлінісінде Шымкент қаласын бөліп көрсету қажет, мұнда жалақы номиналды мәнде қаралған қалалар арасында ең төмен болып табылады, алайда «жаңа жылдық үстел» Қарағанды мен Павлодарға қарағанда қымбатырақ.

«Жаңа жылдық үстелдің» құнын бағалаумен қатар, аймақтағы орташа айлық номиналды жалақыға сатып алуға болатын «жаңа жылдық үстелдердің» санын білдіретін халықтың аймақ бойынша сатып алу қабілетінің жанама индексі есептелді. Ең жоғары сатып алу қабілеті Нұр-сұлтан қаласында (11,5 үстел), ең төменгісі Шымкент қаласында (6,7 үстел) байқалады. Айта кету керек, Өскемен қаласында орташа айлық номиналды жалақы Республика бойынша орташа мәннен төмен болған кезде қала тұрғындары 9,4 «жаңа жылдық үстел» жасауға мүмкіндік алады, бұл ел бойынша есептелген индекстің орташа мәнінен асады.

3.4. Еңбек нарығы

Еңбек нарығында теріс үрдістер сақталуда, бұл COVID-19 таралуына қарсы күреске байланысты қабылданған шектеу шараларының салдарына байланысты.

Жұмыссыздық екінші тоқсан қатарынан 5% деңгейінде сақталуда (52-график). Жұмыссыз халық саны 2,9%-ға артқан кезде жұмыспен қамтылған халық саны жылдық мәнде 0,7%-ға төмендеді.

Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында жалдамалы қызметкерлердің (0,2%-ға, ж/ж), сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың (2,2%-ға, ж/ж) қысқаруы байқалды. Сонымен бірге, 2020 жылғы үшінші тоқсанда біршама оң үрдіс байқалды: уақытша жұмыспен қамтылмаған халықтың саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді, бірақ әлі де дағдарысқа дейінгі деңгейден жоғары (52-график). Мәселен, егер 2020 жылғы бірінші тоқсанда уақытша жұмыссыздар саны 129 мың адамды құраса, екінші және үшінші тоқсандарда тиісінше 500 және 390 мыңнан астам адам уақытша жұмыспен қамтылмаған болып шықты.

Уақытша жұмыспен қамтылмаған және жұмыссыз халықтың өсуіне байланысты халықтың жұмыспен қамту органдарына өтініштерінің саны қатаң локдаун кезеңдерімен салыстырғанда аздап қысқарды. Ең жоғары сұраныс 2020 жылғы маусымда тіркелді, жұмыспен қамту органдарына өтініш бергендердің саны 92 мың адамды құрады, ал қыркүйекте шектеулерді ішінара алып тастау және нақты сектор кәсіпорындарының қызметін қайта бастау аясында өтініш бергендердің саны 70 мың адамнан төмен болды (53-график).

Жылдық мәнде жұмыспен қамтудың төмендеуі нақты сектордың көптеген салаларында байқалды (54-график). Ең елеулі құлдырау тұру және тамақтану бойынша қызметте (8,3%-ға), өнерде, ойын-сауықта және демалыста (7,8%-ға) байқалды, мұнда бір мезгілде жалдамалы қызметкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны қысқарады (54-график).


Жалдамалы жұмыскерлердің азаюы нәтижесінде жұмыспен қамтудың елеулі төмендеуі қосалқы және

52-график. Жұмыссыздық деңгейі және уақытша жұмыспен қамтылмаған халық



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

53-график. Халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде жүгінді, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

әкімшілік қызмет көрсету (6,7%-ға) және көлік (5%-ға) бойынша қызметте тіркелді, бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық салаларда өсті. Мемлекеттік сектордың салалары жұмыспен қамтудың өсуі тұрғысынан тұрақты болып қалуда, онда жалдамалы жұмысшылар өсуде, бірақ өзін-өзі жұмыспен қамтушылар азаюда (өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық жоқ мемлекеттік басқаруды қоспағанда).

Ақпарат пен байланыс саласында жұмыспен қамтудың бір мезгілде қысқаруымен жалдамалы қызметкерлер санының өсуі байқалады, бұл осы саладағы экономикалық белсенділіктің жеделдеуі аясында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жалдамалы қызметкерлер санатына көшуін айғақтауы мүмкін (54-график).

Түркістан облысы мен республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда, барлық өңірлерде жұмыспен қамтудың төмендеуі байқалды.


Ұлттық Банктің бағалауына сәйкес, ҰЭМ СК деректері негізінде 2020 жылғы 9 айда еңбек өнімділігі экономика мен жұмыспен қамтудағы жалпы қосылған құнның бір мезгілде төмендеуі жағдайында қысқарды (55-график).

Құрылыста, ақпарат пен байланыста, өңдеу өнеркәсібінде, тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтерде, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету жөніндегі қызметтерде салаларда қосылған құнның оң серпіні кезінде еңбек өнімділігінің өсуі тіркелді (55-график, I топ).

Ауыл шаруашылығында, білім беруде, мемлекеттік басқару және электрмен жабдықтауда еңбек өнімділігінің өсуі жұмыспен қамтудың ұлғаюы жағдайында байқалды.


Үшінші топтың салаларында еңбек өнімділігінің төмендеуі байқалды. Денсаулық сақтау, қаржы және сақтандыру қызметінде, сумен жабдықтауда, жылжымайтын мүлікпен операцияларда, өзге де қызметтерде төмендеу жұмыспен қамтудың өсуі кезінде жалпы шығарылымның төмендеуінің нәтижесі болды. Бұл ретте, үшінші топтың қалған секторларында еңбек өнімділігінің төмендеуі салалардағы жалпы шығарылымның төмендеуі кезінде жұмыспен қамтудың өсуімен қатар жүрді.

54-график. СЭҚ бойынша 3 тоқсандағы жұмыспен қамтылған халық, жалдамалы қызметкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

55-график. 2020 жылғы 9 айдағы СЭҚ бойынша еңбек өнімділігі, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.5. Фискалдық саясат

Қазақстанда макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында төтенше жағдай режимін және шектеу шараларын енгізу аясында салық-бюджет саясаты әлеуметтік бағытта болды.

2020 жылға арналған бюджет шеңберінде бірінші кезекте әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға, білім беруге және денсаулық сақтауға арналған шығыстарды ұлғайту көзделген. 2020 жылғы қаңтар-қазанда экономиканы қолдау және дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру үшін Ұлттық қордан 4,3 трлн теңге сомасында кепілдендірілген трансферт бюджетке жіберілді, ал 2019 жылы кепілдендірілген трансферт 2,4 трлн теңге және 370 млрд теңге сомасында нысаналы трансферт болды (2020 жылы Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің жалпы мөлшері 4,8 трлн теңге көлемінде жоспарланған).


2020 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджет 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда іс жүзінде 2 есеге ұлғайып, 2,2 трлн теңге тапшылықпен немесе ІЖӨ-ге 3,2%-бен қалыптасты. Бюджет тапшылығының кеңеюі, бірінші кезекте, кірістің қалыпты өсуі аясында шығындардың озыңқы өсуіне байланысты.

2020 жылғы қаңтар-қазанда бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы (Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайға экспорттық кедендік баж салығын есепке алмағанда, бюджет тапшылығы) 2019 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 55,1%-ға өсіп, 7,0 трлн теңге болды (56-график).

2020 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджеттің кірістері 2019 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға ұлғайып, 9,0 трлн теңгені құрады. Өсімнің негізгі себебі **ресми трансферттердің** 53,6%-ға (бюджет кірістеріндегі үлес 52,8% құрады) және салықтық емес түсімдердің 96,2%-ға (үлесі – 2,9%) ұлғаюы болды.

Салықтық емес түсімдердің өсуі республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттері бойынша дивидендтердің едәуір ұлғаюына байланысты.

56-график. Республикалық бюджеттің жалпы және мұнайлық емес тапшылығы, ІЖӨ-ге %



Дереккөзі: Қаржы министрлігі, ҚРҰБ есептеулері

Бұл ретте коронавирустың таралуына қарсы күрес шеңберінде енгізілген шектеу шаралары және экономикалық белсенділіктің төмендеуі аясында **салық түсімдері** (22,3%-ға) және **негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер** (77,1%-ға) төмендеді. Сонымен қатар, салық түсімдерінің төмендеуі ҚР Үкіметінің бизнесті және халықтың кірістерін қолдау жөніндегі шаралары нәтижесінде орын алды, оның шеңберінде экономиканың неғұрлым зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнес субъектілері салықтан және еңбек ақы төлеу қорынан басқа да міндетті төлемдерден босатылды (57-график).

2020 жылғы қаңтар-қазанда республикалық бюджет шығындары өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,1%-ға ұлғайып, 10,8 трлн теңгені құрады. Өсуі 19,5% құраған әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығыстары (үлесі – 29,7%) дәстүрлі түрде республикалық бюджет шығындарының өсуіне негізгі үлес қосты. Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың 44,6%-ға өсуі (үлесі – 11,9%) коронавирустың таралуына қарсы күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне және медицина қызметкерлерінің еңбекақысының ұлғаюына байланысты. Сондай-ақ, педагогтердің еңбекақысының өсуі аясында білім беруге арналған шығыстардың – 47,2%-ға (үлесі – 6,2%), ресми трансферттер – 31,2%-ға (үлесі – 16,9%), борышқа қызмет көрсету – 13,4%-ға (үлесі – 6,5%) өскені байқалды.

57-график. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы



Дереккөзі: Министерство финансов РК

6-бокс. 2020 жылғы фискалдық саясат бағытын талдау


Фискалдық импульс және дефицит бюджет тапшылығы. 2020 жылы COVID-19 пандемиясының таралуымен қатар сыртқы және ішкі жағдайлардың нашарлауы Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің нашарлауына ықпал етті. Қазақстан экономикасы үшін теріс салдарларды жеңілдету үшін монетарлық сипаттағы шаралармен қатар контрциклдік фискалдық саясат шаралары оң серпінмен сүйемелденді.

Фискалдық импульс – бұл фискалдық саясаттың сипатын анықтайтын көрсеткіш (тежегіш, ынталандырушы, бейтарап). ХВҚ әдіснамасына сәйкес, ең алдымен, кірістер мен шығындар арасындағы айырмашылық ретінде анықталған және бюджет тапшылығының прокси көрсеткіші болып табылатын операциялық сальдо есептеледі. Содан кейін пайыздық шығыстарды алып тастауды болжайтын бастапқы операциялық сальдо бағаланады. Жалпы шығыстардан пайыздық төлемдерді алып тастау мемлекеттік басқару секторының ағымдағы саясатын көрсетуге мүмкіндік береді, өйткені пайыздық шығыстар мөлшері өткен кезеңдердің фискалдық саясаты бойынша шешімдерді көрсетеді.

Бұдан әрі ІЖӨ-нің әлеуетті деңгейі және шығарылымның алшақтығы есептеледі. Ходрик-Прескотт сүзгісін қолдана отырып, әлеуетті ІЖӨ-ні есептегеннен кейін, бюджет кірістері кірістің ықтимал мәнін алу үшін шығарылымның алшақтығына түзетіледі. Кірістерден айырмашылығы, бюджет шығыстарының экономикалық белсенділік циклдеріне икемсіздігі болжанады (үш жылдық кезеңге арналған «Республикалық бюджет туралы» Заңнан нақты не жоспарланған шығындар пайдаланылады).

Бюджеттің шығыс бөлігін пайыздық шығыстардан тазартқаннан және ықтимал кірістерді алғаннан кейін құрылымдық (бастапқы операциялық, циклдік-түзетілген) сальдо есептеледі, ол бюджеттің ықтимал кірістері мен пайыздық төлемдерден тазартылған шығындар арасындағы айырма ретінде айқындалады. Фискалдық импульс t және $(t-1)$ кезеңдердегі құрылымдық сальдо арасындағы айырма ретінде айқындалады. Егер уақыт мезетіндегі құрылымдық сальдо t уақыт мезетіндегі сальдодан үлкен болса $(t-1)$, фискалдық импульс теріс (тежейтін фискалдық саясат) болып табылады, егер t уақыт сәтіндегі операциялық сальдо алдыңғы мәнінен аз болса – оң (ынталандырушы фискалдық саясат) болып табылады. t және $(t-1)$ кезеңдеріндегі сальдо тең болған кезде фискалдық импульс бейтарап болады.

1-график. Фискалдық импульс және республикалық бюджеттің тапшылығы, ІЖӨ-ге



2020 жылы оң фискалдық импульс автоматты тұрақтандырғыштардың әрекетін де (жұмыссыздық деңгейінің өсуі аясында салық түсімдерінің төмендеуі және АӘК шығыстарының өсуі), дискрециялық фискалдық саясатты жүргізуді де (табысынан айырылған адамдарға 42500 теңге мөлшерінде төлемдер тағайындау, экономикалық белсенділікті ынталандырудың мемлекеттік бағдарламаларын қаржыландыруды кеңейту, зейнетақы төлемдерін арттыру) көрсетеді. Контрциклдік фискалдық саясатты жүргізу республикалық бюджет тапшылығын 3,5%-ға

дейін кеңейтумен қатар жүретін болады (1-график). Жоғарыда көрсетілген бюджет тапшылығының мәні 1999 жылдан бастап барынша жоғары болады. Республикалық бюджет тапшылығының ұлғаюына шығыстардың кіріс бөлігінен озыңқы өсуі ықпал ететін болады.

Бюджет тапшылығын қаржыландыру дәстүрлі түрде борыш қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Үкіметтің болжамы бойынша¹⁴, 2020 жылы борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстар 13,5%-ға өседі. ҚР ҰҚ трансферттерінің қосымша елеулі көлемін бөлусіз тапшылықтың болжамды мәні неғұрлым жоғары мәнді көрсететін айта кету керек (бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы ІЖӨ-ге қатысты 11,1% деңгейінде күтілуде).

¹⁴ 2020 жылға арналған бюджет баптарының өсу қарқыны «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2020 жылғы 3 қарашадағы №372 Заңның (ҚР Президентінің Жарлығы) негізінде есептелген.

Кірістер. Республикалық бюджет туралы заңға сәйкес 2020 жылы бюджет кірістері ҚР Ұлттық қорынан (бұдан әрі – ҚР ҰҚ) берілетін трансферттердің

2-график. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы, ж/ж %



55,4%-ға өсуі және төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарының (50,2%) және салықтық емес түсімдердің (249,5%) есебінен 12,4%-ға ұлғайды). Салықтық емес түсімдердің өсуіне республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер қолдау көрсетеді. Кірістер серпініне тауар нарықтарындағы бағалардың төмендеуі және экономиканың көптеген салаларындағы іскерлік белсенділіктің нашарлауы аясында салық түсімдерінің 18,7%-ға төмендеуі теріс үлес қосады.

шығындары 21,6%-ға өсті. Шығыс бөлігінің құрылымында функционалдық құрылым баптарының

3-график. Республикалық бюджет шығындарының құрылымы, ж/ж %



Шығындар. 2020 жылы республикалық бюджеттің

көпшілігіне шығыстардың өсуі күтіледі. Бұл ретте зейнетақы төлемдері мен стипендиялардың артуы нәтижесінде әлеуметтік блокқа жұмсалатын шығындардың (18,8%-ға) ұлғаюы неғұрлым жоғары үлес қосады. Сондай-ақ, коронавирустық инфекцияның таралуы және медицина қызметкерлерін материалдық көтермелеу аясында денсаулық сақтауға арналған шығыстарды 49,4%-ға ұлғайту көзделіп отыр. Білім беруге жұмсалатын шығыстардың 44,3%-ға өсуі педагогтердің жекелеген санаттарына еңбекақы төлеудің ұлғаюына байланысты.

Сонымен мынадай қорытынды жасауға болады:

– сыртқы және ішкі конъюнктураның

нашарлауынан теріс факторларды жеңілдету үшін ынталандырушы контрциклдік салық-бюджет саясаты жүргізіледі, ол оң фискалдық импульс түрінде көрінеді;

– оң фискалдық серпін бюджет тапшылығының едәуір кеңеюімен (ІЖӨ-ге 3,5%) қатар жүреді. Республикалық бюджет тапшылығының осындай жоғары мәні 1999 жылдан бері алғаш рет байқалады және мемлекеттік борыштың артуымен қатар жүреді. Өз кезегінде, мемлекеттік борыштың күтілетін ұлғаюы коронавирус дағдарысы теріс әсерінің ауқымын және оны жеңілдету жөніндегі елеулі шараларды ғана емес, сондай-ақ ҚР ҰҚ трансферттері есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін шектеулі кеңістікті де көрсетеді;

–

республикалық бюджет кірістерінің өсуі ҚР ҰҚ-дан трансферттерді неғұрлым жоғары алу есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте салық түсімдері айтарлықтай қысқарды. Бюджет шығындарының өсуі сыртқы және ішкі конъюнктураның нашарлауынан теріс салдарларды жеңілдетуге бағытталған контрциклдік ынталандырушы саясат шараларын көрсетеді.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Базалық инфляция – бұл әкімшілік, оқиғалар мен маусымдық сипаттағы жекелеген факторлардың әсерінен бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция. Базалық мөлшерлеме – ақша нарығындағы номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Базалық мөлшерлеменің деңгейін белгілей отырып, Ұлттық Банк орта мерзімді кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін ақша нарығының таргеттелетін (нысаналы) банкаралық қысқа мерзімді мөлшерлемесінің нысаналы мәнін айқындайды.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай компоненттерді қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығындар; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығындар; г) өндірілмеген шығындарға меншік құқығын беруге байланысты шығыстар.

Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Ақша базасы Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Тұтыну бағаларының индексі – халық тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың жалпы деңгейінің өзгеруі. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді және халықты тұтытуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды, ТБИ ағымдағы кезең бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индексті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

Композиттік индикатор – экономиканың нақты секторының қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсету үшін қызмет ететін қорытындылаушы индикатор. Озу қасиетіне ие бола отырып, композиттік индикатор циклдік өзгерістерді көрсету және экономикадағы көтерілістер мен құлдырау басталған және өзгерген кезде бұрылыс нүктелерін анықтау үшін қолданылады, Композиттік индикатор Ұлттық Банк жүргізетін конъюнктуралық зерттеулердің қатысушылары болып табылатын кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу нәтижелерінің негізінде қалыптастырылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында кері РЕПО операцияларын жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Тұтынушы себеті – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтыну себетінің құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтыну себеті сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

Тікелей РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

Шығарылым алшақтығы. Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ІЖӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ІЖӨ мен әлеуетті ІЖӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

б.т. – базистік тармақ
ЕТЖ – ең төменгі жалақы
ЕО – Еуропалық Одақ
ЕОБ – Еуропалық орталық банк
ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары
ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы
ҚҚС - қосылған құн салығы
ҚР АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚТҚ – «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ
ҚЭИ – қысқа мерзімді экономикалық индикатор
МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты
Млрд - миллиард
Млн - миллион
НТАБ – нақты тиімді айырбастау бағамы
ОПЕК – мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі
РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі
СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реттеу агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ТБИ – тұтыну бағаларының индексі
ТШО - Теңізшевройл
ҰЭМ – Ұлттық экономика министрлігі
ФАО – Біріккен ұлттардың азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ФРЖ – Федералды резервтік жүйе
ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім
ХВҚ – Халықаралық валюта қоры
ЭДМ – Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі